



АҚЫН БЕЙНЕСІ ХАЛЫҚ ЖАДЫНДА МӘҢГІ САҚТАЛАДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев Мұхтар Шахановтың қайтыс болуына байланысты көңіл айтты.

Мемлекет басшысы ұлт перзенті, аса көрнекті ақын, белгілі қоғам қайраткері, Халық жазушысы, Қазақстанның Еңбек Ері Мұхтар Шахановтың отбасы мен жақын туыстарына көңіл айту жеделхатын жолдады.

— Мұхтар Шаханов бар ғибратты ғұмырын кастерлі сөз өнеріне арнап, қазақ поэзиясын жаңа белеске көтерген, төл әдебиетіміз бен

мәдениетіміздің көкжиегін кеңейтуге елеулі үлес қосқан қоғамымыздың тұғырлы тұлғасы еді. Әрқашан тіл жанашыры ретінде игілікті істердің бастауында болды. Шығармалары көптеген шет тілдеріне тәржімаланды, жалынды жырларын калың оқырман сүйіп оқыды. Өнегелі өмір сүріп, соңына мол әдеби мұра қалдырған Мұхтар Шахановтың жарқын бейнесі халқымыздың жадында мәңгі сақталады, — делінген жеделхатта.



ШАХАНОВ ШҰҒЫЛАСЫ

Жалпы, Шаханов поэзиясының әлеуетін дүйім жұрт жақсы біледі, терең ұғынады. Қазақ әдебиетіне қалдырған мұрасын тізіп шығуға шамамыз да келмес, бәлкім. Ал оның саяси қайраткерлігіндегі кезеңдерді айтпай кету мүмкін емес. «Ақын болу – өз еркің, Азамат болу – міндетің» деген қағиданы берік ұстанған оның өмірінде үлгі етер дүние мол екені даусыз.

→ 7

ЭЛЕКТРОНДЫ ҮКІМЕТ – САНА МЕН САНЫҢ САБАҚТАСТЫҒЫ

Президент жариялаған «Цифрландыру және ЖИ жылында» ел бірден екі мерейтойлық белесті қарсы алып отыр: сәуірде eGov.kz порталына – 20 жыл, ал цифрландыруды жүйелі арнаға түсірген «Азаматтарға арналған Үкімет» мемкорпорациясына 15 жыл толды. Осы қос таған арқылы қазақ елі мемлекеттік қызметтерді цифрландыруда Орталық Азияның көшбасшысына айналды. Бүгінде қос құрылым да дәстүрлі қалыптан кетіп, трансформацияланудың табалдырығында тұр. Тіпті, корпорацияға қарасты ХҚКО-лар жойылуы мүмкін. Орнына не келмек?

АНЫҚТАМА ҮШІН АЙҚАС – ӨТКЕН КҮННІҢ ЕЛЕСІ

Осыдан 20 жыл бұрын Қазақстан пернетақта (яғни, қызметтердің компьютерге көшірілуі)

мен парасат (жемқорлыққа тосқауыл) тоғысқан жаңа дәуірге аяқ басты. Қос онжылдық ішінде «Электронды Үкімет» порталы қарапайым «ақпараттандырушы сайт» сипатынан толық-

қанды цифрлық экожүйеге дейін өсіп, әрбір қазақстандықтың күнделікті өмірінің ажырамас бөлігіне айналды.

eGov.kz тарихы – 2006 жылдан бастау алған жүйелі даму кезеңдерінің жиынтық шежіресі. Порталдың негізін қалауға Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 10 қарашадағы №1471 Жарлығы, яғни 2005-2007 жылдарға арналған «Электронды Үкіметті қалыптастыру мемлекеттік бағдарламасы» себеп болды. Алғашында, 2006 жылы портал тек анықтамалық қызмет көрсетіп, азаматтарға мемлекеттік органдар мен қызметтер туралы мәлімет ұсынумен шектелген еді.

(Жалғасы 4-бетте)



НЕСИЕНІ ШЕКТЕУ НЕГЕ КЕРЕК?



Осы тұста 2025 жылғы динамика көп нәрсені аңғартады. Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығының талдауынша, былтыр қазақстандықтар жаңа несие алуға бұрынғыдай лап қойған жоқ. Керісінше, жаңа қарызға берілген өтінімдер саны 13,7 пайызға азайған. Ең ірі сегмент – кепілсіз тұтынушылық қарыз бойынша өтінімдер 16,9 пайызға төмендеген. Бұл – жай статистика емес, нарықтағы көңіл күйдің өзгергенінің белгісі.

→ 5

ЕГІНЖАЙДАҒЫ ЕҢБЕКТИҢ ЕЛЕУЛІ ТҰСЫ

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, күріш алқаптарын 10,9 мың гектарға қысқартып, 70 мың гектар деңгейінде сақтау көзделген. Бұл көрсеткіш бірінші кезекте су ресурстарының шектеулі жағдайына қарай дәстүрлі егіншілік тәсілдерін қайта қарау негізінде туындап отыр. Яғни, егіс көлеміне оңтайландыру ісі тек агротехникалық емес, су қауіпсіздігі мәселесіне тікелей байланысты қабылданған ба-тыл қадам ретінде түсіндіріледі.

→ 6



СУРЕТТЕР ДЕ СӨЙЛЕЙДІ

Көрменің «Сөйле, сурет» аталуы тегін емес. Өйткені суретке қарап-ақ қандай тақырыпты меңзеп тұрғанын аңғаруға болады:

әлеуметтік желілер дәуіріндегі жалғыздық, смартфонға тәуелділік, жетім баланың мұңы, несиеге батқан тағдырлар, жалқаулықтың ащы көрінісі сияқты басқа да күрделі тақырыптар картинаға жасырылған.

«Сөйле, сурет» жобасы 2014 жылы Астанада бастау алып, кейін еліміздің бірқатар қаласында кеңінен таныстырылды. Бүгінде суретшінің туындылары әлемнің 30-дан астам елінде көрсетіліп, халықаралық деңгейде бағасын алып отыр.



→ 8

ТОЗҒАН ҮЙДЕН ТӨНГЕН ҚАУІП

Жалпы республика көлемінде 2022 жылдың соңындағы дерек бойынша үйлердің 30%-дан астамы 1970 жылға дейін салынған. Өңірлер бойынша ахуал әркелкі. Мәселен, Атырау облысы апатты үйлер саны ең көп өңір қатарында. Өңірде 705 тозығы жеткен үйде 13 мыңнан астам тұрғын өмір сүріп жатыр. 2025 жылы облыстағы апатты үйлер саны 49-ға артқан. Ақмола облысында 270 апаттық тұрғын үй тіркелген, Батыс Қазақстан облысында – 262 үй, оның ішінде бір жылда тозығы жеткен үйлер саны 55-ке көбейген, өңірде апатты үйлер саны жылдам өсіп жатқаны байқалады. Астана қаласында 191 үй апатты деп танылса, Абай облысында да 191 апатты үй тіркелген. Тозығы жеткен үйлер саны ең аз өңірлер қатарында Жамбыл (4), Қостанай (8) және Алматы (16) облыстарын атауға болады.

→ 5



21 СӘУІР 2026 | СЕЙСЕНБІ

ТРАНЗИТ ӘЛЕУЕТІН ДАМУҒА АРНАЛҒАН ПАРЛАМЕНТТІК ТЫҢДАУ ӨТЕДІ



Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен палата бюросының отырысы өтті. Онда депутаттар 23 сәуірде болатын Сенат отырысының күн тәртібін белгіледі.

Палатаның іс-шаралар жоспарына сәйкес, 24 сәуір күні Мемлекет басшысының «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру аясында «Қазақстанның транзиттік әлеуетін дамыту» тақырыбына арналған парламенттік тыңдау өтеді.

Бюро отырысында Мәулен Әшімбаев транзиттік-логистикалық әлеуетті нығайту стратегиялық маңызға ие міндет екенін атап өтті. Ол бұл салаға Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ерекше көңіл бөліп отырғанын айтты. Сондай-ақ Сенат Төрағасы Қазақстанда жаһандық логистикалық хаба айналымы үшін үш негізгі фактор — ауқымды инвестиция, заманауи инфрақұрылым және тиімді мемлекеттік басқару қажет екенін тілге тиек етті. Осыған байланысты ол алдағы парламенттік тыңдауда аталған бағыт бойынша нақты ұсыныстар айтылатынына сенім білдірді.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев транзиттік әлеуетті дамыту еліміз үшін аса маңызды міндет екенін үнемі айтып келеді. Бұл сала ұлттық экономиканың негізгі қозғаушы күштерінің біріне айналуы қажет. Сол арқылы Қазақстан жаһандық сауда-логистикалық хаб ретіндегі мәртебесін нығайтуға тиіс. Ол үшін ірі инвестициялар, сапалы инфрақұрылым және тиімді мемлекеттік басқару қажет. Сондықтан парламенттік тыңдау барысында

мазмұнды әрі нәтижелі талқылау ұйымдастырудың мәні зор», — деді Мәулен Әшімбаев.

Сонымен қатар осы аптада салалық комитеттердің отырыстары және сенаторлардың мүдделі мемлекеттік органдармен бірлескен көшпелі кездесулері өтеді. Онда мемлекеттік әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру мен олардың тиімділігін арттыру, мемлекеттік тапсырмалар тетігі, қылмыстық, азаматтық, әкімшілік істер бойынша қасқаниялық соттардың қызметі және өзге де мәселелер қаралады.

Іс-шарада бюро мүшелері 23 сәуірде өтетін палата отырысының күн тәртібін бекітті. Соған сәйкес, алдағы бейсенбіде сенаторлар «Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Валюта қоры арасындағы Кавказ, Орталық Азия және Моңғолия үшін өңірлік әлеуетті дамыту орталығына қатысты өзара түсіністік туралы меморандумды ратификациялау туралы» заңды қарайды. Құжаттың мақсаты — экономикалық саясат пен мемлекеттік басқару саласындағы ұлттық институционалдық әлеуетті нығайту.

Бұдан басқа, Сенат отырысында «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркия Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасының әуе кеңістігі арқылы әскери мүлік пен персоналды транзиттеу туралы келісімді ратификациялау туралы» заң қаралады.

Сондай-ақ бюро отырысында депутаттар бұған дейін Мәжіліс қабылдаған заңдарды қарау үшін Сенаттың тұрақты комитеттеріне бөліп берді.

ЭКОНОМИКАНЫ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАУДЫҢ НЕГІЗІ



Taldau Talks YouTube-арнасында подкастың кезекті шығарылымы жарияланды. Бұл жолы даму институттарының келешегіне және олардың ұлттық экономиканы құрылымдық тұрғыдан жаңғыртудағы рөліне бас мән берілді. Сарапшылар Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамаларын іске асыру аясында қолданыстағы тетіктерге талдау жасап, жүйені кешенді түрде жаңғыртуға арналған жаңа басымдықтарды ұсынды.

Пікірталастың бастамашысы әрі модераторы — Парламент Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев. Подкаст меймандарының қатарында «Бәйтерек» холдингінің Басқарма төрағасы Рустам Қарағойшин, КРМГ Кавказ және Орталық Азия компаниясының басқарушы серіктесі әрі CEO Сәкен Жұмашев, сондай-ақ DESHT талдау орталығының жетекшісі, экономист, Сенат жанындағы сарапшылар клубының мүшесі Қуаныш Жаиков болды.

Мәулен Әшімбаев өз сөзінде сыртқы турбуленттілік пен мемлекеттік шығыстарды онтайландыру үдерісі даму институттарын қайта жаңғыртуды талап ететін атап өтті. Бүгінде оларға қойылатын негізгі талаптар — ашықтық, айқын мақсат және экономикаға нақты қайтарым жасауға бағдарлану.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев даму институттары жүйесін қайта жаңғыртуды, олардың тиімділігін арттыруды, қайталанатын функцияларды жоюды және нақты нәтижеге бағытталуды міндет етіп жүктеді. Қазір Қазақстанға сапалы экономикалық өсім үлгісі қажет. Бізге тек қолданыстағы өсімді қолдап қана қоймай, жаңа даму орындарын қалыптастыру, жеке бастамаларды күшейту, өңдеу саласын дамыту, заманауи технологияларды өңдеу, экспортты өртарапандыру және

шетелдік инвестиция тарту аса маңызды. Бұл үдерісте даму институттары айрықша рөл атқаруға тиіс», — деді Сенат Төрағасы.

Палата Спикері даму институттары «қаржылық делдал» рөлінен шынайы өзгерістердің толыққанды субъектілеріне айналуы қажет екенін де айтты. Олардың міндеті — экономиканы жай ғана өтімділікпен қамтамасыз ету емес, оның заман талаптарына сай жаңа құрылымын қалыптастыру.

Подкаст барысында сарапшылар пікір алмасып, бірқатар бағыт бойынша бірлескен жұмыстың негізгі міндеттерін айқындады. Атап айтқанда, мемлекеттік органдар мен өңірлер жұмысының үйлесімділігін арттыру және кәсіпкерлермен тиімді коммуникация орнату мәселелері назарға алынды. Сонымен қатар даму институттарының жеке сектордағы рөліне ерекше мән беріліп, оларды ықтимал бәсекелестен толыққанды серіктеске айналдыру жолдары мен қолданыстағы кедергілерді жою тетіктері талқыланды.

Айта кетейік, Taldau Talks — ел дамуының өзекті мәселелері талқыланып, Мемлекет басшысы айқындаған міндеттерді іске асырудың нақты қадамдары сараланатын ашық диалог алаңы.

МӘЖІЛІС ТӨРАҒАСЫ ҰҚШҰ ПАРЛАМЕНТТІК АССАМБЛЕЯСЫ КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСЫНДА СӨЗ СӨЙЛЕДІ

Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов бастаған Қазақстан Парламентінің делегациясы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының Парламенттік Ассамблеясы кеңесінің отырысына қатысты.



ҰҚШҰ Парламенттік Ассамблеясы кеңесінің отырысында сөз сөйлеген Ерлан Қошанов қатысушыларды Ұйымның 20 жылдығымен құттықтады. Ол осы уақытта Парламенттік Ассамблея ҰҚШҰ ұжымдық қауіпсіздік жүйесінің маңызды элементіне айналғанын, мүше мемлекеттер арасындағы тиімді парламенттік өзара іс-әрекетті қамтамасыз еткенін атап өтті.

Мәжіліс Спикері қазіргі жаһандық саяси тұрақсыздық жағдайында парламенттік дипломатия бейбітшілік пен жалпыға ортақ өркендеу жолындағы маңызды біріктіруші тетікке айналып келе жатқанына назар аударды.

Ерлан Қошанов әріптестерін жалпыреспубликалық референдумда қазақстандықтардың басым көпшілігі қолдаған жана Конституцияның негізгі ережелері туралы хабарлар етті.

— Президенттің алғашқы күндерінен бастап Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев маңызды саяси реформаларға бастамашы болды. Жаңа Конституция олардың логикалық нәтижесіне айналды. Мемлекет басшысының бастамасы бойынша Әділетті және Прогрессивті Қазақстан құру Ата заңның басты мақсаты ретінде бекітілді. Адамның мүдделеріне бағытталу принципі жана әрі терең мазмұнмен толықты. Адам, оның құқықтары мен бостандықтары мемлекеттің басты құндылығына айналдыртыр. Конституцияда күшті Президент, ықпалды Парламент және есеп беретін Үкімет теңгерімі

бекітілді. Біз қос палаталы Парламенттен бір палаталы Парламентке өтеміз. Оған Құрылтай атауы берілді, оның мүшелері тек партиялық тізімдер бойынша сайланады, — деді Мәжіліс Спикері.

ҰҚШҰ парламентшілері жана институттар — Вице-президент пен Халық кеңесі құрылғаны туралы, сондай-ақ президенттік басқару нысаны Конституцияда биліктің барлық тармақтары жұмысының үздіксіздігін, жүйелілігін мен келісімділігін қамтамасыз етудің кепілі ретінде бекітілгені туралы хабарлар болды.

Ассамблея жұмысына тоқталған Мәжіліс Төрағасы ҰҚШҰ-ға мүше мемлекеттердің ұлттық заңнамаларын үйлестіруді жақындастыру бойынша депутаттардың жүйелі және жемісті жұмыс атқарғанына назар аударды. Ассамблея қабылдаған модельдік заңдардың ауқымы өте кең, онда ұжымдық қауіпсіздіктен бастап терроризмге, экстремизмге, зансыз есірткі айналымына және трансұлттық қылмысқа қарсы іс-әрекетке дейін қамтылған.

Отырыс барысында делегаттар ҰҚШҰ Ұжымдық Қауіпсіздік кеңесінің қараша айындағы сессиясының шешімдерін, ұжымдық қауіпсіздіктің сын-қатерлері мен қауіптеріне қарсы іс-әрекет жөніндегі шараларды, сондай-ақ ҰҚШҰ-ға мүше мемлекеттердің ұлттық заңнамасын жақындастыру және үйлестіру жөніндегі Ұжымдық қауіпсіздік туралы ҰҚШҰ Парламенттік Ассамблеясы қызметінің 2026-2030 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру барысын талқылады.

ЖОЛ МӘСЕЛЕСІ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ҚАРАЛДЫ

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен құқықбұзушылық профилактикасы жөніндегі ведомстволарлық комиссия отырысы өтті, онда Президенттің «Заң мен Тәртіп» тұжырымдамасы шеңберінде жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар қаралды.



ПМ мәліметінше, жыл сайын жол-көлік оқиғаларынан (ЖКО) 40 мыңға жуық адам жаракат алады, ал қаза тапқандар саны шамамен 2,5 мың адамды құрайды. 2025 жылы еліміздің жолдарында қаза тапқандар саны 10%-ға, 2026 жылдың басынан бері 4%-ға төмендеді.

Ішкі істер министрі Ержан Саденов апаттардың негізгі себептері: көлік жүргізу тәртібінің нашарлығы, жол инфрақұрылымының жай-күйі, автокөліктердің техникалық жағдайы және әсіресе қыс мезгілі екенін хабарлады. Орташа жылдамдықты қадағалау жүйелерімен қамтуда проблема бар: жабықтар жеткіліксіз. ЖКО-лар үлесі әсіресе елді мекендерде жоғары болып калуға, олар барлық апаттың 84%-ын құрайды. Жүргізушілердің жеке тәртібі нашар — ЖКО-лардың 90%-ы солардың кінәсінен болатыны атап өтілді. Жыл басынан бері 3 млн-нан астам Жол қозғалысы ережесін (ЖҚЕ) бұзу дерегі анықталды, 5,5 мың жүргізуші мас күйде ұсталды.

Жол апаттарын азайту және қозғалыс қауіпсіздігін арттыру мақсатында Қазақстанда цифрлық шешімдер енгізілуде. Республика жолдарында 60%-дан астам заңбұзушылықтарды тіркейтін 30 мыңға жуық камера жұмыс істеп тұр. Орташа жылдамдықты қадағалау жүйесі енгізіліп, бейнебақылау желісі кеңейтілуде. Сонымен қатар «жасырын» патрульдеу дамуға. Оған қосымша көліктің техникалық жай-күйін және техникалық байқаудан өтуін бақылау күшейтілуде.

ПМ газ баллон жабыңғы бар көлікті тексеруге қойылатын талаптарды күшейтуді, сондай-ақ жүк және жолаушылар көлігін міндетті жарық шағылыстыратын таңбасы болмаса, техникалық байқауға жіберуге тыйым салуды ұсынып отыр.

Премьер-министр әкімдіктерге қысқа мерзімде электр скутерлердің тұрақ орындарын анықтауды және тиісті инфрақұрылым құруды, яғни қозғалыс үшін тыйым салынған тиісті жол белгілері бар аймақтарды белгілеуді, өңірлік жоспарларда веложолдарды дамытуды қарастыруды тапсырды.

БАСТЫ МАҚСАТ – ҚАУІПСІЗ ӘРІ САПАЛЫ ОРТА ҚАЛЫПТАСТЫРУ

TURGYNDAR AMANATY жобасының басты мақсаты – қолайлы, қауіпсіз және заманауи қалалық орта қалыптастыру, сондай-ақ тұрғындардың белсенділігін арттыру. Бұл туралы «AMANAT» партиясының Хатшысы Ержан Жылқыбаев Ақтау қаласында өткен «Үйді басқару: жауапкершілік, сенім, нәтиже» тақырыбындағы өңірлік форум жұмысында мәлімдеді. Ол күн сайын халықпен тікелей жұмыс істейтін МИБ және ПИК төрағалары тұрғындардың нақты сұранысын жақсы білетінін және TURGYNDAR AMANATY партиялық жобасының қозғаушы күшіне айналуға тиіс екенін атап өтті.

Форум жұмысына Мәжіліс депутаттары, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшелері Самат Мұсабаев пен Еділ Жанбыршин, Маңғыстау облысының әкімі Нұрәулет Қылыбай, партия филиалдарының басшылары, облыстық мәслихат депутаттары, сондай-ақ өңірдегі МИБ және ПИК өкілдері қатысты.

Өз кезегінде, партия Хатшысы Ержан Жылқыбаев Маңғыстау облысы еліміздегі жетекші өндірістік орталықтардың бірі ретінде стратегиялық маңызға ие екенін атап өтті. Оның айтуынша, өңірде инфрақұрылымды дамыту бағытында жүйелі жұмыс жүргізілуде: 36 инвестициялық жоба жүзеге асырылып жатыр, 13 «жайлы мектеп» салынууда, медициналық және спорт нысандары бой көтеруде. Жыл басынан бері облыс аумағындағы құрылыс жұмысының көлемі 9,2 млрд теңгені құрап, өткен жылмен салыстырғанда 2,1%-ға артты. Ал пайдалануға берілген тұрғын үй

көлемі 36,9%-ға өсті. Бүгінде облыста 1 938 көпқабатты тұрғын үй бар. Олардың 1076-сы кондоминиум нысаны ретінде жұмыс істейді. Тұрғын үй қорының қарқынды дамуы оны пайдалану мен күтіп-ұстау барысындағы жүйелі тәсілді талап етеді.

Партия Хатшысы Ержан Жылқыбаевтың айтуынша, TURGYNDAR AMANATY жобасы партия тарапынан тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласын реформалауға арналған қоғамдық тірек ретінде іске қосылды. Жыл басынан бері осындай форум-семинарлар Қарағанды, Ақмола, Павлодар, Түркістан, Шығыс Қазақстан облыстарында және Абай облысында өтіп, өз тиімділігін дәлелдеді.

«Біз жұмысты Маңғыстауда жалғастырып отырмыз. Сіздер – тұрғын үй бірлестіктерінің жетекшілері тұрғындармен байланыс орнататын негізгі буын саналасыздар. TURGYNDAR AMANATY жобасы



аясында келесі шараларды жүзеге асыруды жоспарлап отырмыз. Бұл – МИБ және ПИК төрағаларына арналған OSI-SKILLS форматындағы оқыту семинарларын ұйымдастыру. Сондай-ақ қалалар мен аудан орталықтарында МИБ және ПИК төрағаларының жұмысын жүйелі түрде қалалық кеңестер құру», – деді партия Хатшысы.

Жоба аясында құрылыс салушылардың кепілдік мерзімін ұлғайтудан бастап, инженерлік желілерді коммуналдық қызметтерге беру рәсімдерін жеңілдетуге және басқару үдерістеріне цифрландыруды енгізуге дейінгі жүйелі мәселелерді шешу ісіне ерекше назар аударылады.

Өз кезегінде облыс әкімі Нұрәулет Қылыбай тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласын дамыту қадамы мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі екенін атап өтті.

«Біздің басты мақсатымыз – тұрғындар үшін жайлы, қауіпсіз әрі сапалы орта қалыптастыру. Бұл бағытта инфрақұрылымды жаңғырту, цифрлық шешімдерді енгізу және қызмет көрсету сапасын арттыру бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуде. Тек бірлескен әрі жауапты жұмыс арқылы ғана нақты нәтижелерге қол жеткізе аламыз», – деді Нұрәулет Қылыбай. Форум барысында «AMANAT» партиясы Маңғыстау облыстық филиалы мен басқарушы және сервистік компаниялардың өңірлік қауымдастығы арасында өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Сонымен қатар МИБ және ПИК өкілдерінің белсенділері алғыс хаттармен марапатталып, бірқатар азамат салтанатты түрде партия қатарына қабылданды.

Іс-шара сарапшылар мен сала мамандарының қатысуымен өткен пікірталас алаңында түйінделді.

«AMANAT» партиясы жанындағы Жастарды қолдау жөніндегі Республикалық кеңестің кезекті отырысы өтті. Онда жасанды интеллекті, цифрлық дағдыларды дамыту және жастарды жедел технологиялық өзгерістерге бейімдеу мәселелері мемлекеттік органдардың өкілдерімен бірге талқыланды.

ЦИФРЛЫҚ ДАҒДЫЛАРДЫ ДАМУЫ ЖАЙЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ



Отырыс «Жасанды интеллект және цифрландыру дәуіріндегі жаңа дағдылар мен сын-көтерлер» тақырыбына арналды. Қатысушылар Цифрландыру және жасанды интеллект жылы аясындағы бастамалардың жүзеге асырылу барысын назарға алып, жастар арасындағы құзыреттерді дамытудың негізгі бағыттарын айқындады.

Талқылау барысында жасанды интеллект қазірдің өзінде еңбек нарығына ықпал етіп отырғаны атап өтілді. Ұсынылған деректерге сәйкес, Қазақстанда өзгерістер 562 мамандықты қамтиды. Бұл – жұмыспен қамтылған 4 млн-ға жуық адам немесе еңбек нарығының 44%-ы деген сөз. Бұл ретте мәселе тек жұмыспен қамтылуы ғана емес, кәсіби рөлдердің терен трансформациясы туралы болып отыр.

Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Нартай Сәрсенғалиевтің айтуынша, бұл – еліміздің, жалпы төрткүл дүниенің дамуы үшін өте маңызды кезең.

«Бұл – адамзаттың жаңа дағдыларын қалыптастырып жатқан уақыт. Сондықтан дәл осы саланың елімізде қалай дамып жатқаны біз үшін аса өзекті. Бүгінде елімізде әлеуметтік, ақпараттық-коммуникациялық және мәдениет салаларында, сондай-ақ білім, ғылым бағытында – мектептерде, жоғары оқу орындарында және колледждерде осы бағытта атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталымыз. Ең маңызды бағыттардың бірі – еңбекпен қамту саласы. Қазір жасанды интеллект пен цифрлық технологиялар дамыған сайын, жұмыс орындары қысқаралы деген түрлі пікір мен қауіп айтылып жүр. Осы мәселелерге байланысты мемлекет пен тиісті органдардың қандай шешімдер қабылдап жатқаны – бүгінгі талқылаудың негізгі

өзегі», – деді Кеңес төрағасы Нартай Сәрсенғалиев.

Депутат 2026 жыл Мемлекет басшысының бастамасымен Цифрландыру және жасанды интеллект жылы деп жарияланғанын еске салды.

«Бұл салаға ерекше басымдық беріліп отыр. Цифрлық кодекс пен тиісті заң жобалары қарастырылуда. Сондай-ақ жасанды интеллект бағыты бойынша жеке министрлік құрылып, оның басшысы Премьер-министрдің орынбасары деңгейінде бекітілді. Бұл – мемлекет тарапынан маңызды басымдық беріліп отырғанының жарқын көрінісі. Солай бола тұра, ең басты мәселе – халықтың жұмыспен қамтылуы, табыс деңгейі және әлеуметтік тұрақтылық», – деді Нартай Сәрсенғалиев.

Өз кезегінде Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Екатерина Смышляева цифрлық технологиялардың жастарға әсері барынша өзекті бола түскенін атап өтті.

«Бүгінде негізгі тәуекел тобы – жастар. Бастапқы кезеңдерде олар көбіне оңай автоматтандырылатын және жасанды интеллект технологияларымен алмастырылатын базалық дағдыларға ғана ие», – деді депутат.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Бахтияр Жазықпаев бүгінде бірқатар мамандық қысқарып жатқанын атап өтті. Яғни, 14 мамандық жойылу қаупі бар аймақта тұр. 2028 жылға дейін мәтін өңдеушілер мен терушілер, деректерді енгізу мамандары және корректорлар қысқарып қалуы мүмкін.

Соған қарамастан, Екатерина Смышляева атап өткендей, келешектегі экономиканың негізгі рөлі адамға тиесілі болып қала береді.

«Сонғы шешімді адам қабылдауға тиіс. Иә, көптеген мамандық трансформацияланады. Соған байланысты, құзыретті арттыру қажет. Алайда түпкі нәтижеге қатысты жауапкершілік әрдайым адамда қалуы керек», – деді Екатерина Смышляева.

Оның айтуынша, мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі – әмбебап цифрлық дағдыларды дамыту. Бұл дағдылар мамандығына қарамастан барлық азамат үшін міндетті болуға тиіс. Осыған байланысты жоғары оқу орындарында цифрлық кафедралар құру және мамандандырылған білім беру бағдарламаларын дамыту мәселесі қарастырылуда.

Өз кезегінде, Yandex Qazaqstan компаниясының GR-директоры Мейірбек Мұқатов жасанды интеллект саласының дамуы түрлі институттың қатысуымен біртұтас экожүйе ретінде құрылуға тиіс екенін атап өтті.

«Жасанды интеллектіні елеуездің немесе одан жасқандың қажеті жоқ. Оны жауапкершілікпен қолдану керек. Тек бір дүниені генерациялау ғана емес, ЖИ-ді өнімділікті арттыратын және жаңа білім алуға көмектесетін көмекшіге айналдыру маңызды», – деді ол.

Отырыс қорытындысы бойынша қатысушылар жастар арасында цифрлық дағдыларды дамыту қаламы жүйелі тәсілді, білім беру инфрақұрылымын кеңейтуді, өңірлерді қамту жұмысын күшейтуді және технологияларды жауапкершілікпен пайдалану мәдениетін қалыптастыруды талап ететіні туралы ортақ пікірге келді.

Бұл бағыттағы жұмыс Кеңестің алдағы отырыстары аясында және цифрландыру саласындағы мемлекеттік бастамаларды жүзеге асыру шеңберінде жалғасын табады.

«ТАҢШОЛПАН» ЖОБАСЫ: ЖАРҚЫН МҮМКІНДІКТЕР АЛАҒЫ

Қостанай облысында әйелдер көшбасшылығын дамытуға және кадрлық резерв қалыптастыруға бағытталған «Таңшолпан» жобасының қатысушыларына сертификат табыстау рәсімі өтті.



Іс-шара «Таңшолпан: әйелдер кадрлық резерві – нәтижелер мен перспективалар» бағдарламасы аясында ұйымдастырылып, жоба қорытындысын шығаруға, сондай-ақ ондағы түлектердің алдағы мүмкіндіктерін талқылауға арналды. Салтанатты жиында «AMANAT» партиясының өкілдері, депутаттар, сарапшылар және қоғам қайраткерлері қатысты.

Байыпты басқосу барысында Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Екатерина Смышляева, «AMANAT» партиясы Қостанай облыстық филиалының төрағасы Алмат Досмұхамедов, «AMANAT» партиясы Қостанай аудандық филиалының төрағасы, жоба жетекшісі, аудандық мәслихат депутаты Марина Растегаева, сондай-ақ партияның Орталық аппараты мен қоғамдық ұйымдардың өкілдері сөз сөйледі. Іс-шара модераторы – «AMANAT» партиясы Қостанай облыстық филиалы жанындағы Әйелдер қанатының жетекшісі Гүлсара Жаманқұлова.

Өз кезегінде, депутат Екатерина Смышляева бұл жоба «AMANAT» партиясының белсенді әйелдермен жүргізіп отырған жүйелі жұмысының бір бөлігі екенін атап өтті. Оның айтуынша, қыз-келіншектер барлық деңгейдегі мәслихаттар мен Мәжілісте еселі еңбек етіп келеді. Ал өкілдерді сайлау жүйесі енгізілгеннен кейін, олар осы лауазымдарға сайлауға түсіп, отбасыларды толғандыратын мәселелерді терең түсінуі және эмпатиясы арқылы сайлаушылардың сеніміне ие болады.

Ол партияның Әйелдер қанаты бүгінде қыз-келіншектерді еліміздің саяси өміріне дайындауға басымдық беріп отырғанын атап өтті. Бұл

бағыт коммуникация дағдыларын, құқықтық сауаттылықты және саяси технологияларды үйрету қадамдарын қамтиды. Жұмыс саяси көшбасшылықтан бастап, ауылдағы қыз-келіншектерді қолдауға, психологиялық көмек көрсетуге және цифрландыруға дейінгі бірнеше бағыт бойынша жүргізілуде.

«Бүгінде «AMANAT» партиясы әйелдерді саяси процестердің болашақ қатысушылары ретінде дамытып келеді. Әйелдер биліктің барлық деңгейінде ұсынылуға тиіс деп санаймыз. Бұл қадам олардың тек өз мүдделерін қорғау үшін ғана емес, сонымен қатар жеке тәжірибесі арқылы әлеуметтік маңызы бар мәселелерді көтеруі үшін де қажет», – деді Екатерина Смышляева.

Осы орайда «AMANAT» партиясы Қостанай облыстық филиалының төрағасы Алмат Досмұхамедов гендерлік саясат пен отбасы мәртебесі мемлекеттің негізгі басымдықтарының бірі екенін атап өтті. Ол әйелдердің қоғамдық институттарды нығайтуға және еліміздің экономикалық дамуына қосқан үлесіне ерекше тоқталды.

«Әйелдің қоғамдағы мәртебесі мен рөлін арттыру, олардың түлға ретінде дамуына жағдай жасау – «AMANAT» партиясының негізгі міндеттерінің бірі. Партия әйелдер көшбасшылығын дамыту ісіне белсенді түрде қолдау көрсетеді», – деді Алмат Досмұхамедов.

Бұл ретте, Гүлсара Жаманқұлова аталған жоба республика аумағында алғашқылардың бірі болып Қостанай облысында жүзеге асырылғанын атап өтіп, партияның екі мың

аламды құрайтын кадрлық резерв қалыптастыру жөніндегі ауқымды бастамасы аясында жүз түлек даярланғанын жеткізді. Оның айтуынша, оқу барысы үш кезеңнен тұрды. Соның ішінде, дебаттар мен жеке даму стратегияларын қорғау кезеңдері бар. Әр қатысушы өкім, депутат немесе қоғамдық көшбасшы ретіндегі болашақ қызметіне қатысты өз көзқарасын қалыптастырды.

«Бүгін алғашқы жүз түлегіміз оқуын аяқтады. Бұл біз үшін өте маңызды. Менің ойымша, бұл тек саяси өмірді ғана емес, жалпы көшбасшылықты тандаған әйелдер үшін қоғамға пайдалы болуға берілген жарқын мүмкіндік», – деді Гүлсара Жаманқұлова.

Өз кезегінде, Марина Растегаева «Таңшолпан» жобасының бір жылдық жұмысын қорытындылап, бұл бастама өңірдің саяси сахнасында жаңа есімдердің пайда болуына серпін беретінін атап өтті. Осы уақыт аралығында жүз қатысушы мемлекеттік басқару мен бюджеттік саясат бағыты бойынша білім алып, өздерінің сайлауалды бағдарламаларын қорғады. Оның айтуынша, барлық түлек кадрлық резервке енгізілді. Енді олар депутаттық корпусқа және өкім лауазымына үміткер болуға дайын.

«Бұл – қыз-келіншектердің шешім қабылдау деңгейіндегі өкілдігін арттыруға бағытталған ортақ ұмтылысымыз. Саясат саласында теңдік қағидаты мінсіз сақталып, «әйелдер квотасы» ұғымы өткеннен еншісіне қалуы керек. Оның орнына әйелдердің таланты мен еңбегі мойындалуға тиіс», – деді Марина Растегаева.

Спикерлер «Таңшолпан» жобасы әйел-көшбасшыларды даярлаудың тиімді құралы екенін атап өтіп, қатысушылардың дайындық деңгейін, олардың белсенді азаматтық ұстанымы мен қоғамдық-саяси өмірге атсалысуға дайындығын жоғары бағалады.

Іс-шара аясында жобаға қатысушыларға сертификат табысталды. Әр қыз-келіншек конкурстық іріктеуден өтіп, білім беру модульдері, тренингтер, дебаттар және өз бастамаларын қорғау бойынша оқу бағдарламасына қатысты.

«Таңшолпан» жобасына Қостанай облысының түкпір-түкпірінен келген 100 әйел қатысып, белсенді әрі бастамашыл қыз-келіншектер қауымдастығы қалыптасты. Алған білімдері мен дағдылары олардың кәсіби және қоғамдық тұрғыда дамуына жол ашды.

ҚОҒАМ

21 СӘУІР 2026 | СЕЙСЕНБІ

ЭЛЕКТРОНДЫ ҮКІМЕТ – САНА МЕН САНЫҢ САБАҚТАСТЫҒЫ

Айхан ШӘРІП

(Басы 1-бетте)

Уақыт өте келе электронды Үкіметтің базалық инфрақұрылымы қалыптасып, ол арқылы мемлекеттік қызметтерді онлайн форматта алу мүмкіндігі пайда болды. Даму кезең-кезеңмен жүзеге асты: алғашқы е-қызметтерден бастап онлайн төлемі бар транзакциялық сервистерге, өмірлік жағдайларға негізделген кешенді қызметтерге дейін жетілді.

Цифрлық инфрақұрылымның маңызды элементтері енгізілді. Оның қатарында мемлекеттік деректер базалары, ведомстволық ақпараттық жүйелер, eLicense.kz порталы, Ұлттық куәландырушы орталығы және электронды Үкімет шлюз бар. Бұл шешімдер көп сұранысқа ие қызметтерді алуға жеңілдетіп, халық пен бизнестің меморгандарға жеке жүгіну қажеттілігін едәуір қысқартты.

Үкіметтік пұлдың журналисі ретінде өзіміз күә болдық: сол кездегі Премьер-министр Даниял Ахметов кеңестердің бірінде бұл бастамаға қарсылар шенеуніктер арасында өте көп екеніне шағымдана келе, «Электронды Үкімет көліміз Үкіметтің орнын баспайды!», — деп үгіттегені есте. Бірақ мұның артында тек жаңалықтан қорқу емес, көлеңкелі экономиканың тайталасы жатқан еді. Сол тұста жүйе операторы «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ-ы төрағасының орынбасары болған Сәкен Сәрсенов осы портал «тұтас бір индустрияның» түбіне жетіп тығанына назар аударғты: әнгіме делдалдар туралы.

— Есіңізде болса, қарапайым анықтаманы алу үшін адамдар таңғы 5-тен кемелер алдына кезекке тұратын. Ұрыс-керіс, айқай-шу, тіпті төбелесіп қалатын. Кейбір «құнды» анықтамаларды, мәселен, жылжымайтын мүліктегі бар-жоғы туралы анықтаманы алуға бармақ басты, көз қысты жолмен 100 долларға жуық сомаға тездетуге болатын есімде. Себебі оны ресми түрде алу үшін бір апта күту керек еді. Бірақ «көмекшілерге» сұраған ақшасын берсеңіз, сол күні-ақ сыртта дайын құжатты қолыңызға ұстатады. Бұл саланы көптеген сыбайлас жемқорлық схемасы жайлаған еді. Сондықтан оны жою жолында алапат әрі жан-жақты қарсылыққа тап болдық, — деп еске түсіреді С.Сәрсенов.

Сөйтіп, цифрландыру тек техникалық шешім емес, сондай-ақ жемқорлықтың бір тамырына балта шапқан рухани тазарту рәсімі болды. 2010 жылға қарай жүйе «транзакциялық» деңгейге көтерілді: көп-



теген анықтаманы портал арқылы санаулы минутта алу мүмкіндігі пайда болды. Бұл мемлекет пен адам арасындағы қатынастың жаңа этикасының бастауы еді.

Цифрлық сервистер пайдаланушының мінез-құлқын түбегейлі өзгертті, жаңа тұтынушыны тәрбиеледі. Бұрын азаматтар жалғыз анықтама үшін жарты күнін сарп етуді «тағдырдың жазуы» деп қабылдаса, қазір анықтама алу түгілі, компанияны 15 минутта тіркеуді, бір мезгілде баланың тууын онлайн рәсімдеп, жәрдемақыға өтініш беріп, балабақша кезегіне қоюды қалыпты жағдай санайды. Бұл — жаңа типтегі азаматтың қалыптасуы. Мемқызметтердің кешенді сипат алуы бірізді істің жеңісі еді. Технология адамды кезекте тұру азабынан құтқарып қана қойған жоқ, оның уақытқа деген көзқарасын, өз құқығын сезіну деңгейін өзгертті.

ПАНДЕМИЯ – СЫНАҚ ПЕН СЕРПІН

ЖИ және цифрлық даму министрлігі цифрландырудағы жаңа белес 2019 жылы басталғанын еске салады. Сонда электронды Үкіметтің мобилді қосымшасы жаңартылып, eGov Mobile ретінде дами бастады. Пандемия кезеңі жүйе үшін үлкен сынақ болумен қатар, жаңа мүмкіндіктерге жол ашты. Азаматтардың жүріп-тұруына қойылған шектеулер жағдайында eGov.kz мемлекет пен азаматтар арасындағы негізгі байланыс арнасына айналды, қызметтерге қашықтан үздіксіз қол жеткізуді қамтамасыз етті.

2020 жылы енгізілген биометриялық сәйкестендіру — бет-әлпетті тану арқылы қызмет алу, яғни фантастикалық фильмдерді шындыққа айналдырды. Сонымен

қатар Smart Bridge, Smart Data Ukimet және eGov Business жобалары іске қосылды, цифрлық құжаттар пайда болды. Халық жеке куәлігін үйде тастап кетіп, сан соғып, саза отыру үрейінен арылды: бәрі смартфонда бар. Бұл жобалар — мемлекеттік аппараттың «миының» бір жүйеге тоғысуы. Бұл кезеңде әмианды қалыңдатқан пластик карталар мен қағаздардың дәурені өте бастады.

Бүгінде электронды Үкімет порталында 15 миллионнан астам пайдаланушы, яғни ересектің бәрі дерлік тіркелген. Ал көрсетілген қызметтердің жалпы саны 508 миллионнан асты. eGov Mobile арқылы 111 миллионнан аса қызмет ұсынылған, бұл азаматтардың мобилді форматқа белсене көшіп жатқанын паш етеді. Қазір 1 300-ден астам мемқызметтің шамамен 90%-ы онлайн қолжетімді. Сондай-ақ пайдаланушылар үшін 39 цифрлық құжат ұсынылған.

Алда Қазақстан eGov 3.0-ге көшпек. Бұл — тек техникалық ауысу емес, мемлекеттік басқарудың жаңа философиясы. Бұрын адам офлайн не онлайнда мемлекеттік мекемелерді іздеп сенделсе, енді мемлекет ЖИ арқылы адамның қажеттілігін алдын ала болжайтын деңгейге жетуге тиіс. Цифрландыру — жалан көрсеткіш емес, ұлттың интеллектуалды қуаты мен заман ағысына бейімделу қабілетінің өлшемі болмақ.

— Бүгінде мемлекеттік қызметтердің 90%-дан астамы онлайн қолжетімді, ал мемлекетпен өзара іс-қимыл туралыңдан да жылдам әрі ыңғайлы бола түсті. Қазір біз жаңа кезеңге — eGov 3.0-ге қалам басып отырмыз. Мұнда проактивті сервистер болады, іздемей-ақ алдыңыздан табылады әрі онда ЖИ негізіндегі шешімдер шешуші рөл атқарады. Бұл портал — заманауи әрі тиімді мемлекетті қалыптастыруға қосылған үлкен

үлес, — деді вице-премьер — ЖИ және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиев.

Қазіргі кезеңде eGov.kz және оның құрамдас бөліктерін дамыту негізінен жасанды интеллект шешімдерін кенінен енгізуге бағытталған. eGov AI және AlemGPT платформалары мемлекет пен адам арасындағы өзара әрекеттесуді барынша қарапайым, тіпті табиғи тілде диалог жүргізу деңгейіне жеткізуге тиіс. Ал сынақтан өтіп жатқан мультиагентті AlemGPT платформасы болашақта мемлекеттік қызметтердің барлық түрі бойынша әрбір қазақстандықтың цифрлық көмекшісіне айналмақ.

Қазақстанның цифрлық кеңістіктегі қарыштауы халықаралық сарапшылардың да назарынан тыс қалған жоқ, жоғары бағаланып отыр. 2024 жылы UN Global E-Government Development Index рейтингінде Қазақстан 193 елдің ішінде 24-орынға ие болды. Онлайн қызметтер индексі (OSI) бойынша 10-орынды иеленіп, Оңтүстік Корея, Жапон және Эстония сияқты әлемдік рейтинг көшбасшыларымен қатар тұр. Бұл сандардың артында ең басты құндылық — азаматтардың үнемделген алтын уақыты мен бюрократиялық бұғаудың сөгілуі тұр.

БОЛАШАҚТЫҢ БЕДЕРІ: ХҚКО-ЛАР ТАҒДЫРЫ

7 сәуірде «Азаматтарға арналған үкімет» мемкорпорациясына 10 жыл толды. Бүгінде жүйе барлық ХҚКО-лар мен мамандандырылған ХҚКО-ларға (автогон) басшылық етіп, жыл сайын ондаған миллион өтінішті өңдейді, мемқызметтердің басым бөлігін «бір терезе» қағидатымен ұсынады. Айтпақшы, елге етене 1414 бірінші байланыс орталығы да биыл 15 жылдығын атап өтпек. Тәулік бойы жұмыс істейтін бұл орталық 2021 жылы мемкорпорацияның құрамына берілген-тін. Жыл сайын онда 20–25 миллионға жуық өтініш өңделеді, ал бүгінде әр оныншы қонқырау ЖИ негізіндегі ассистенттің қатысуымен қабылданып, азаматтарды қажетті қызметке жедел бағыттауға көмектеседі.

Осы жылдар ішінде елде мемлекеттік қызмет алуын біртұтас жүйесі қалыптасты, қызмет алу әлдеқайда жеңіл әрі қолжетімді болды. Азаматтар енді қызметті өзіне-өзі қызмет көрсету терминалдары арқылы да, бейнеХҚКО арқылы да ала алады. Биометриялық сәйкестендіру енгізіліп, көптеген қызмет цифрлық форматқа көшті. Ал «ЦОН» атты жаңа мобилді қосымшасын 2025 жылдың өзінде 2 миллионнан астам адам жүктеген. Қосымша арқылы азаматтар кезекке жазылып, өтініштерін бақылап, бірқатар қызметті қашықтан рәсімдей алады.

Өзгерістердің аққымы нақты көрсеткіштерден де көрінеді. Бүгінде ХҚКО арқылы жыл сайын орта есеппен 23 миллионнан астам қызмет көрсетіледі. Бүгінде 16 мыңға жуық маман еңбек етіп, қызметтердің қолжетімділігі мен сапасын қамтамасыз етіп келе жатқан осы жүйе трансформацияны

бастан өткеріп жатыр. Қазақстанда ХҚКО-лар біртіндеп жойылады да, оның орнына өзіне-өзі қызмет көрсетуге басымдық беріледі: бұл туралы ЖИ және цифрлық даму бірінші вице-министрі Ростислав Конашкин мәлімдеген болатын.

Оның айтуынша, бұл офлайн орталықтар болашақта цифрлық кеңселерге түрленеді. Мұндай кеңселер «селф-зоналар» мен өзіне-өзі қызмет көрсету аймақтарынан тұрады. Бұл жерде ХҚКО қызметкерлері көбіне бағыт-бағдар беруші, кеңесші рөлін атқарады: азаматтарға компьютерден не терминалдан мемлекеттік қызметті онлайн форматта алуға үйретеді және көмектеседі.

Жуырда ЖИ министрі Жаслан Мәдиев Алматы қаласының Медеу ауданында ашылып жатқан алғашқы «Apple Store үлгісіндегі жаңа форматтағы цифрлық кеңсе» аралап, дайындығын пысықтап қайтты. Министрлік өкілдері барлық ХҚКО тегіс жабылып қалмайтынына, жаңа форматқа көшу кезеңінен және асықпай жүргізілетініне сендірді. Ростислав Конашкиннің мәліметі бойынша, қалаларда үйреншікті ХҚКО-лардың белгілі бір саны біразға дейін сақталады.

Өз кезегінде Жаслан Мәдиев те офлайн орталықтардан бас тартылатынын жасырмады. Себеп ретінде оларға келушілердің азайып келе жатқанын алға тартты: 2024 жылға қарағанда, 2025 жылы ХҚКО-ларға келушілер саны 13%-ға, ал 2026 жылдың I тоқсанының қорытындысында тағы 30%-ға кеміп қалыпты.

«Биылғы жылдың басында ХҚКО-ларға келушілер саны бытырмен салыстырғанда 50%-ға төмендейді деп болжап отырмыз. Бірақ орталықтарды жаппай жабу жоспарымызда жоқ. Яғни, бәрі бір мезгілде жабылмайды, белгілі бір саны қалуы мүмкін. ХҚКО-лар өзіне-өзі қызмет көрсету аймақтарына айналады», — деді министр Ж.Мәдиев.

2025 жылдың қорытындысы бойынша, өзіне-өзі қызмет көрсету аймақтары арқылы 14,8 миллион қызмет көрсетілді. Көрсеткіші бір жыл ішінде 6,6 миллионға өскен екен. 2024 жылы бұл сан шамамен 8,2 млн болған-тын. Бұл аймақта келесі 5 қызмет: ЭЦҚ алу, архивтік анықтама рәсімдеу, тұрғылықты жері бойынша тіркеу, соттылығын бар-жоғы туралы анықтама беру, сондай-ақ жылжымайтын мүліктің бар немесе жоқ екендігі туралы анықтама алу ең көп сұранысқа ие болған.

Қорыта айтқанда, цифрландыру тек техникалық жаңғыру емес, бұл — ұлттың жаңа дәуірге бейімделуі қабілеті. Еліміздің цифрлық шежіресіндегі бұл жиырма жылдық белес жай статистикалық көрсеткіш емес, қоғамдық сананың эволюциясы. Технология мен ЖИ жетістіктері бізді бюрократиялық «бодандықтан» босатып, адами капиталды дамытуға мүмкіндік береді. Мемлекеттің «қоқандаған шенеуніктен» «цифрлық серіктеске» айналуы — кемел келешектің кепілі бойлары сөзсіз.

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
КАУІПСІЗ ҚАЗАҚСТАН ҮШІН

Бүгінде қылмыс, әсіресе жастар қылмысы белең алып тұрғаны жасырын емес. Ұрып-соғу, бопсалау, ұрлық, зорлау, тіпті адам өлтіру фактілеріне дейін тіркеліп жатқаны ерексіз бас шайқатады. Сонда жастар қылмысының бұлайша өршуіне не себеп? Мектеп пен отбасындағы тәрбиенің жеткіліксіздігін жылдар бойы көтергеніміз бұл түйткілдің түйінін тарқата алмады. Демек, мәселе басқада ма?

Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

Таауда Тараз қаласының криминалдық ахуалын қараған ведомстволық ахуалында біраз жағдайдың беті ашылғандай болды. Қалалық прокуратураның мәліметінше, қылмыс санының көбеюіне құқық саласының қызметкерлері де кінәлі екен.

— Жыл басынан бері адам өлтіру және денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру қылмыстары үзіліссіз тіркеліп келеді. Бұл бойынша жергілікті Полиция басқармасына нақты тапсырмалар берілгенімен, оң өзгерістер жоқтың қасы. Мәселен, өткен 3 айдың өзінде 2 адам өлтіру, 8 денсаулыққа ауыр зиян келтіру заңбұзушылығы тіркеліп, өткен жылмен салыстырғанда 33 пайызға жоғары болып отыр. Бұлардың барлығы ішімдікке әуес және бұрын сотты болған тұлғалар тарапынан жасалған. Мысалы, өз үйінде масаң күйде азаматтық некедегі жұбайын пышақтап өлтірген Ф. есімді азамат бұрын бірнеше рет сотталған әрі 2019 жылдан бері наркодиспансерлік есепте тұрса да, ол туралы Ішкі істер министрлігінің ақпараттық есепке алу жүйесіне ешқандай мәлімет енгізілмеген. Сол секілді серіктесіне дене жарақатын келтірген, бұрын жаса аркалаган О. есімді тұрғынның Қазақстан аумағында жүріп-тұру мерзімі 2009 жылы өтіп кетсе де, осы күнге дейін жеке басы тексерілмеген. Дәл осыған ұқсас

ЖАСТАР ҚЫЛМЫСЫ – ЖАСЫРЫНҒАН ТҮЙТКІЛ

мысалдар жетіп артылады. Бұл — уәделік полиция инспекторларының өз ісіне немқұрайлы қарап, бұрын жауапкершілікке тартылған тұлғалармен профилактикалық жұмыстар жүргізуінің көрінісі. Осының салдарынан қалада бұрын істі болған азаматтардың қайтадан қылмыс жасау фактісі 4,3 пайызға жоғарылап отыр. Олардың басым бөлігі ұрлық, алаяқтық, есірткі, денсаулыққа зиян келтіру және ұрып-соғумен байланысты, — дейді қала прокуратураның орынбасары Нұрлан Нарбаев.

Прокуратураның бізге ұсынған тағы бір дерегіне сүйенсек, құқық қорғау органдары тарапынан түні бойы жұмыс істейтін көңіл көтеру орындарына рейд шараларының тұрақты түрде жүргізілуіне қарамастан, бұзақылық қылмыстардың алдын алу көрсеткіші көңіл көншітпей тұр екен. Бұзақылық жиі болатын нысандардың ішінде «Грэмми», «Барон», «Сафият», «Лорд», «Гулсарай», «Таверна», «Шефстар», «Ханговер», «Секрет» кафе-барлары көш бастап тұр. Мәселен, бір ғана «Лорд» кафеінде небәрі 2 айға жетер-жетпес уақыттың ішінде қос бірдей қылмыс тіркелген. Соған қарамастан, бұл кафе әлі күнге қүзет қызметімен қамтамасыз етілмеген. Сонымен қатар «Грэмми» және «Лорд» дәмханаларында 1 жылда екі мәрте жасөспірімдердің түнгі уақытта жүруі анықталса да, уәделік инспекторлар тек айыппұл салумен ғана шектеліпті. Осыған байланысты прокуратура аталған орындарға қосымша хаттама толтырып, қызметтерін тоқтату мәселесі қаралуда.

Көмекке толмағандар арасындағы заңбұзушылық көрсеткіші де көңіл көншітпейді. Айталық, биылдың үш айында қала аумағында жасөспірімдер қатысқан 8 қылмыс болып, былтырмен салыстырғанда 88,9 пайызға өскен. Әріге бармай-ақ, күні кеше Таразда болған сұмдық жағдай жұртшылықтың жағасын ұстатты. Қаладағы мектепте сабақ арасындағы үзіліс кезінде 15 жасар жасөспірімді тоғызыншы сынып оқушылары ұлдарға арналған киім ауыс-



тыратын бөлмеге алып барған. Бақылау камерасына түскен бейнежазбадан әңгіме бірден төбелеске ұласқанын көруге болады. Куәгердің айтуынша, ол сыныптасына көмектеспек болғанымен, оны күдіктінің жақтастары жібермей ұстап тұрған екен. Сол сәтте жәбірленушінің басына бірнеше рет соққы жұмсалған. Салдарынан оқушы көзінен ауыр жарақат алып, ота жасатты. Қазіргі жағдайы өте ауыр көрінеді. Дәрігерлердің айтуынша, баланың көзі толығымен зақымданып, ағып кеткен. Сондай-ақ басынан ауыр жарақат алғанына байланысты жасөспірім болған жайтты толық есіне түсіре алмай жатыр. Тек анасына шабуыл жасағандардың қолында темір зат болғанын байқағаны ғана айтқан.

Аталған дерек бойынша, «денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру» бабы аясында сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталып, күдікті уақытша ұстау изоляторына қамалған.

Бұл Таразда балалар арасында болып тұрған алғашқы жағдай емес. Бұған дейін былғы наурыз айында 7 оқушы қыз қатарластарын соққыға жықса, былтырғы жылдың соңында мектептердің бірінде болған төбелестің соңы адам өлімімен

аяқталған болатын. Қалалық білім бөлімінің басшысы Айгерім Алтынбаева келтірген мәліметке сүйенсек, балалар арасындағы бұл мәселелердің барлығы қала әкімдігі жанындағы комиссия отырысында қаралып, тиісті шешімдері шығарылыпты.

— Бүгінде комиссияның кезекті 5 және көшпелі 1 отырысы өтті. Барлығы 33 іс бойынша көмекке толмағандарға қатысты мәселелер жан-жақты қаралды. Сонымен бірге балаларды тәрбиелеу бойынша ата-ана міндеттерін адал орындамайтын әлеуметтік қауіпті жағдайдағы отбасылардың тізімін қалыптастыру бағытында жұмыстар жүргізілуде. Осы шаралардың шеңберінде 3 баланы арнайы мектепке жіберу туралы шешім қабылданды. Сондай-ақ қорған-шылыққа тәрбиеленіп жүрген 4 бала кері қайтарылып, балалар үйіне орналастырылды. Бұған қоса, 4 ата-ана құқықтарынан айырылса, 3 ата-ананың құқықтары шектелді.

Жүргізілген сауалнамалар арқылы анықталған психологиялық диагностикалардың қорытындысына сәйкес, 275 оқушы «қызыл аймаққа» енгізіліп, тұрақты бақылауға алынды, — деген Айгерім Аханқызы жан-жақты қолға

алынған шараларға қарамастан, әлі де шешімін таппай отырған маңызды мәселелердің бар екенін де жасырмады.

— Таразда көмекке толмағандар арасындағы өзекті мәселенің бірі — уақытша бейімделу орталықтарының жетіспеушілігі болып отыр. Мәселен, осы жылдың басынан бері небәрі 5 бала ғана уақытша бейімделу орталығына орналастырылды. Бұл көрсеткіш мәселенің толық шешімін таппай отырғанын аңғартады. Себебі қазіргі орталықтағы орын тапшылығы салдарынан түнгі уақытта ұсталған, зорлық-зомбылыққа ұшыраған немесе қараусыз қалған балалар кей жағдайда қайтадан үйлеріне жіберіледі немесе аурухана секілді уақытша мекемелерге жатқызылады. Алайда бұл олардың қауіпсіздігін толық қамтамасыз етуге жеткіліксіз.

Осыған байланысты Тараз қаласы аумағында көмекке толмағандарды уақытша бейімделу орталығын ашу қажет деп санаймын. Мұндай нысандар түнгі уақытта қараусыз жүрген, қаңғыбастыққа салынған, отбасындағы кикілжің салдарынан қиын жағдайға тап болған жасөспірімдерді уақытша оқшаулап, оларға қажетті психологиялық, әлеуметтік көмек көрсетуге мүмкіндік береді.

Тағы бір маңызды мәселе — жасөспірімдер мен олардың ата-аналарының жауапкершілігін күшейту. Қазір көп жағдайда мектеп педагогтары полиция бөлімшелеріне шақыртылып, түрлі түсіндіру жұмыстарымен айналысады. Кінәлі тарап ретінде тәртіптік жауапкершілікке тартылып жатқандар да жетерлік. Ал бұл жағдай ата-аналар мен оқушылар арасында жауапкершілік сезімінің төмендеуіне әлп етеді. Сондықтан аталған мәселені жүйелі түрде шешу тиісті органдардың бірлескен жұмысын талап етеді, — дейді бөлім басшысы.

Әрине, байыбына бармай жатып, біржақты баға беруден аулақпыз. Дегенмен соңғы болған оқиғалар шаһардағы қылмыстық ахуалға бейжай қарауға болмайтынын анық аңғартты. Әсіресе, жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың күрт өсуі — қоғам үшін аса қауіпті құбылыс. Бұл тек құқық қорғау органдарының ғана емес, тұтас қоғамның ортақ мәселесіне айналып отыр. Сондықтан Мемлекет басшысы ұсынған «Заң мен тәртіп» қағидасы іс жүзінде орыққанда ғана Таразды халық қауіпсіз қала ретінде сезінетіні анық.

МӘСЕЛЕ

21 СӘУІР 2026 | СЕЙСЕНБІ



Елар КАРЫ (vovana)

НЕСИЕНІ ШЕКТЕУ НЕГЕ КЕРЕК?

Қазақстанда 2027 жылдан бастап тұтынушылық несие мен бөліп төлеуге қатысты талаптар тағы да қатая түспек. Билік мұны халықтың шектен тыс қарызға батуының алдын алатын шара ретінде түсіндіреді. Бір қарағанда қисынды-ақ бастама, себебі табысынан асырып қарыз алған адам ертең банкті де, өз отбасын да орға жығуы мүмкін. Бірақ таяқтың да екі ұшы бар емес пе?! Бүгінде несие көп адам үшін артық шығын емес, жетпеген табысының орнын толтыратын құралға айналған. Сондықтан несиеге лимит қою қаржы нарығын тәртіпке келтіру ғана емес, халықтың күнкөрісіне тікелей әсер ететін әлеуметтік шешім деуге толық негіз бар.

А Кәмила ДҮЙСЕН

Бүгінде Қазақстанда тұтынушылық несие жай ғана банк өнімі болудан қалған. Ол қазір көптеген отбасының күнкөріс стратегиясына айналып кетті. Бірі азық-түлікке ақша жеткізе алмайды, бірі баланын оқуына, киіміне, еміне қаржы іздейді, бірі коммуналдық төлем мен жалдау ақысын жабу үшін қарыз алады. Осы тұста 2025 жылғы динамика көп нәрсені аңғартады. Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығының талдауына, былтыр қазақстандықтар жаңа несие алуға бұрынғыдай лап қойған жоқ. Керісінше, жаңа қарызға берілген өтімдер саны 13,7 пайызға азайған. Ең ірі сегмент — кепілсіз тұтынушылық қарыз бойынша өтімдер 16,9 пайызға төмендеген. Бұл — жай статистика емес, нарықтағы көңіл күйдің өзгергенінің белгісі.

Базалық мөлшерлемесі есебінен несие де арзандап жатқан жоқ, қайта қымбаттап барады. Банктер өтімдерді бұрынғыдан жиі кері қайтара бастаған: мақұлданған өтімдердің үлесі 29,2 пайыздан 26,2 пайызға түскен. Ең алаңдататыны — мерзімі өткен қарыздың өсуі. Халық несисі бойынша кешігу деңгейі 2,9 пайыздан 4 пайызға көтерілген. Бұл жерде жай ғана техникалық ауытқу емес, табыс пен шығын арасындағы тепе-теңдіктің бұзылуын көрсетеді. Адамдар бұрын алған қарызын өтеуде қиналып жатыр. Мұндай жағдайда жаңа лимит енгізу белгілі бір деңгейде қауіптің алдын алуы мүмкін. Бірақ ол сұранысты жоғалтпайды. Қаржыға мұқтаж адам бәрібір ақша іздейді.

ТҮЙІМ МӘСЕЛЕНІ ШЕШСЕ, ЛОМБАРД НЕГЕ КӨБЕЙДІ?

Банктерден несие алу тәртібі катандыған соң ақшаға мұқтаж жұрт балама жол іздей бастады. Соның ең айқын көрінісі — ломбардтар нарығының ұлғаюы. Ресми дерекке сүйенсек, 2025 жылы ломбардтар арқылы берілген займ көлемі 34 пайызға өскен. Бұл жай кездейсоқ статистика емес, қаржыға қолы жетпеген халықтың қайда бет бұрғанын аңғартатын көрсеткіш. Яғни, ресми несие тегігі тарылған сайын жұрт кепілге зат қойып ақша алуға мәжбүр болып отыр. Мұны Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің төрағасы Мадина Абылкасымова да ашық мойындады.

«Шын мәнінде, иә, кепілсіз тұтынушылық несиеге қойылатын талаптардың күшеюіне байланысты халықтың ломбардтарға жүгінуі үрдісі байқалып отыр. Өйткені ол жерде адам қандай да бір бұйыммен кепілге қойып, соның есебінен қарыз ала алады. Яғни, банк арқылы өте алмай жатқан сұраныс басқа арнаға ауысып жатыр. Бұл құбылысты жокқа шығаруға болмайды. Халық қаржыға мұқтаж болған соң қолындағы мүлкін ақшаға айналдыруға көшеді», — деді ол.

Ломбардтағы қарыз кепілмен берілетіндіктен, ол банкетігі сияқты борыш жүктемесін ұзақ уақытқа созып, шексіз өсірмейді. Адам уақытында төлей алмаса, кепілге қойған заты ломбард меншігіне өтеді де, міндеттеме тоқтайды. Қаржы реттеушісі үшін бұл — жүйелік тәуекелі төмен тетік. Бірақ әлеуметтік жағынан қарағанда мәселе мұнымен жеңілдеп тұрған жоқ. Өйткені банкке қолы жетпеген адам енді алтын бұйыммен, телефонмен, тұрмыстық техникасын өткізіп, күнделікті қажетіне ақша табуға мәжбүр.

Мадина Абылкасымова бұл механизмнің логикасын былай түсіндірді:

«Біз не үшін тұтастай алғанда кепілсіз тұтынушылық несиемен реттейміз? Оның себептері көп: қаржы ұйымының тұрақтылығын сақтау керек, қарыз алушының төлеу келін азайту керек. Ал ломбард жағдайында адам кепіл ұсынады, егер қарызды уақытында өтемесе, оның ломбард алдындағы міндеттемесі

сол мүлік арқылы тоқтатылады. Сондықтан мұнда борыш жүктемесінің шексіз ұлғаюу қаупі жоқ деп есептеледі. Соған қарамастан, ломбардтар заң талаптарын қатаң сақтауға тиіс. Мысалы, несие 90 күннен артық ұзартылмауы керек, жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесіне қойылатын талаптар да, тұтынушы құқығын қорғау нормалары да толық сақталуға міндетті», — деді ол.

Қазақстандағы қарыз мәселесін көпшілік қаржылық сауаттық төмендігімен түсіндіруге әуес. Әрине, бұл фактор бар. Дегенмен Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығы былтырғы үрдістерді түсіндіргенде негізгі себептердің бірі ретінде нақты табыстың төмендеуін атайды. Бұл өте маңызды. Халықтың табысы шын мәнінде өсіп, күнделікті шығынды еркін жабуға жетсе, кепілсіз қарызға сұраныс дәл осындай сипат алмас еді.

ТҮТІНУ МӘДЕНИЕТІНЕ ДЕ ЭСЕРІ БАР

Бұл мәселелердің түп-тамыры базалық мөлшерлемеден бастау алып тұр. Дегенмен бұл саясат азаматтардың қаржылық мінез-құлқын да қалыптастыруға ықпал ететін көрінеді. Мысалы, Ресей Қаржы университетінің ғалымы Валентина Диденконың пікірінше, мұндай жағдайда азаматтар өз міндеттемелеріне жауапкершілік алуға бекінетін көрінеді. Өйткені елдегі орталық банк мөлшерлемесі көтерген кезде несилер қымбаттап, депозит тартымдырақ бола түспек. Бұл азаматтарды көбірек жинақ жасауға, қарызды аз алуға итермелейді. Сонымен қатар мұндай жағдайда банктер де қарыз алушыға қоятын талапты күшейтіп, лимиттерді қысқартып, борыш жүктемесін ұқыпты бағалайды.

«Орталық банк мөлшерлемесі көтерген кезде несие қымбаттайды, ал депозиттің тартымдылығы артады. Мұндай жағдайда азаматтар ақшаны көбірек жинауға, ал банктер қарыз алушыны мұқият тексеруге көшеді. Соның нәтижесінде тұтынушы да кез келген пайызбен несие ала салмай, өз мүмкіндігін таразылай бастайды», — дейді Валентина Диденко.

Оның айтуынша, жоғары мөлшерлемесі ұзақ мерзімде адамдарды үйде ақша сақтағаннан гөрі банкке жинақтауға үйретеді және несиені жауапкершілікпен алу мәдениетін күшейтеді.

Бірақ бұл тұжырымның да бір шегі бар. Мұндай мінез-құлқын өзгерісі табысы тұрақты, жинақ жасауға шамасы келетін орта тапқа көбірек тән. Ал күнкөріс табысы өрне жететін отбасылар үшін «жинақ жасауға қошу» теория жүзінде әлемі көрінгенмен, іс жүзінде қолжетімсіз. Адам ай сайын артығымен ақша қалдыра алмаса, депозиттің тиімділігі оны құтқармайды. Мұндай отбасы үшін мәселе несиеге көзқараста емес, қаражаттың жетіспеуінде.

2027 ЖЫЛДАН KEЙІН НЕ БОЛУЫ МҮМКІН?

Алда енгізілетін шектеулердің бірнеше ықтимал салдары бар. Біріншіден, кепілсіз тұтынушылық несие одан өті қысқаруы мүмкін. Онысыз да 2025 жылы өтімдер азайып, 2026 жылдың алғашқы айында жаңа берілім көлемі 5,9 пайызға төмендеген. Егер қосымша талаптар енгізілсе, бұл сегментте сұраныс тіпті қатты сығылуы ықтимал.

Екіншіден, халықтың бір бөлігі қамтамасыз етілген өнімдерге ауысуы мүмкін. Мұның нышаны былтыр-ақ байқалды: ипотекаға өтімін — 9,2 пайызға, автотөлеміне — 41,8 пайызға, кепіл қойып алынатын тұтынушылық қарызға 77,1 пайызға өскен.

Демек, нарық қазірдің өзінде «қауіпсіз» қарыздарға ығысып барады. Бұл банктер үшін тиімділеу, бірақ халық үшін мүлкті тәуекелге тігу деген сөз.

Елімізде кейінгі жылдары құрылыс қарқыны артып, қаншама көпқабатты тұрғын үйлер жарыса бой көтеріп жатыр. Былтыр елімізде 20 млн шаршы метрден астам тұрғын үй салынған. Ал биыл Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі 18,5 млн шаршы метр тұрғын үй салынады деп болжап отыр. Бірақ апатты жағдайдағы үйлерде өмір сүріп жатқан тұрғындар мәселесі әлі де шешілмей келеді.

А Тілегүл ЕСДӘУЛЕТ

Ресми деректерге сүйенсек, кейінгі 3 жылда апатты үйлерде өмір сүріп жатқан қазақстандықтар екі есеге жуық артқан. Ұлттық статистика бюросы 2025 жылы елімізде апаттық үйлер саны 7%-ға өсіп, 2,6 мыңға жеткенін, ал олардың жалпы ауданы 3,2%-ға ұлғайып, 834 мың шаршы метрді құрағанын анықтады. Бұл үйлерде қазір 50 мыңнан астам адам тұрып жатыр. 2024 жылмен салыстырғанда қазір тозығы жеткен үйлер саны 5,7%-ға көп. Бұл көрсеткіш қалалық жерлерде 2,4%, ал ауылдық жерлерде 11,5%-ға артты.

Сарапшылардың сөзінше, апаттық жағдайдағы тұрғын үйлер санының өсуінің басты екі себебі бар. Біріншіден, тозығы жеткен үйлер санының артуы тұрғын үй қорының жағдайының нашарлауын көрсетсе, екіншіден, тексеру жұмыстарының жандануы және уәкілетті органдардың тарапынан үйлерді ресми түрде апатты деп тану мүмкіндіктерінің артқанымен тікелей байланысты. Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті Тұрғын үй қорын дамыту басқармасының басшысы Қызғалдақ Медетова «елімізде тозығы жеткен үйлер санының көбеюінің тағы бір себебі — оларды күтіп ұстамау» деген пікірде. Маманның айтуынша, көппәтерлі және

ТОЗҒАН ҮЙДЕН ТӨНГЕН ҚАУІП



жергілікті атқарушы органдар қабылдаған шешімдер бойынша жұмыс істейді. Яғни, қандай үйлер апатты болып танылады, реновация зоналарына енетін үйлерге қойылатын шарт қандай, қандай үйлер қай жылдары сүрілуі керек, орнына қандай үйлер беріледі деген сияқты мәселелердің барлығы инвесторлармен және меншік иелерінің қатысуымен реттеледі және сол бойынша жұмыстар жүргізіледі. Реновация бойынша үш механизм бар. Бірінші — келісімшарт бойынша үйдің орнына үй беру, екінші — компенсация беру, үшінші — меншік иесінің үлесіне қарап пәтер сатып алып беру. Реновация — бұл құрылыстан бөлек, әлеуметтік жобаға жатады. Ол бұрын апатты жағдайдағы тұрғын үйлердің тұрғындарына қолайлы жағдай жасауға бағытталған бірегей жоба, — деді ол.

Қолданыстағы заң талаптарына сәйкес, ғимараттарды немесе тұрғын үйлерді бұзу және көшіру жұмыстары тек меншік иелерінің келісімімен ғана жүргізіледі. Егер тұрғындар ұсынылған нұсқалардан бас тартса, олар ескі үйінде қалуға құқылы. Алайда бұл жағдайда тұрғын үйдің тозуына байланысты туындауы мүмкін қауіп-қа-

Алмалы аудандары да бар. Жоспарға сай биыл барлығы 95 үй бұзылмақ.

Ал Астана қаласында 2026 жылғы наурыздағы мәлімет бойынша реновация бағдарламасы аясындағы тізімге 178 көппәтерлі тұрғын үй енгізілген. 2013 жылдан бері бағдарламаны іске асыру барысында 18 мыңнан астам тұрғын көшірілген.

— Бағдарлама үш кезеңге жоспарланған. Бірінші кезең 2013-2017 жылдар аралығын қамтыды. Осы уақытта 228 апатты үйден 3 529 пәтердің тұрғындары көшірілді. Екінші кезең 2018-2022 жылдары жүзеге асырылды. Бұл кезеңде 54 апатты үйдегі 874 пәтердің тұрғындары жаңа баспанаға көшірілді. Үшінші кезең 2023-2029 жылдарға жоспарланған. Бұл кезеңде 206 апатты үйдегі 4 710 пәтердің тұрғындарын көшіру көзделген. Өткен жылға дейін 59 апатты үйдегі 1 742 пәтердің тұрғындары қоныс аударған, — деді Астана қаласының Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасының бастығы Ануар Саипов.

Дегенмен кейбір өңірлерде реновация бағдарламасының іске асуы құрылыс компаниялары мен жеке инвесторлардың



көпқабатты үйлердің көбінде тұрғындар өзі тұрып жатқан пәтерлерді ғана емес, Тұрғын үй заңнамасы бойынша өзіне тиесілі мүлктің төбесін, жер төлесін, сатыларын, лифтілерін және тұрғын емес үй жайлардың барлығын дұрыс қарауы, басқара білуі керек.

— Тұрғындар тарапынан дұрыс күтім жасалмағандықтан да көбіне апаттық үйлер пайда болады. Сонымен қатар 1955-1960 жылдары салынған, совет кезінде бері қолданыстағы ескі үйлердің де тозығы жеткен. Техногендік және жер сілкінісі, үйдің конструкциясы, құрылысты дұрыс салмаудың да салдары бар. Ондай себептер бар, бірақ олар аз, — деді Қызғалдақ Медетова.

Жалпы республика көлемінде 2022 жылдың соңындағы дерек бойынша үйлердің 30%-дан астамы 1970 жылға дейін салынған. Өңірлер бойынша ахуал әрқелкі. Мәселен, Атырау облысы апатты үйлер саны ең көп өңір қатарында. Өңірде 705 тозығы жеткен үйде 13 мыңнан астам тұрғын өмір сүріп жатыр. 2025 жылы облыстағы апатты үйлер саны 49-ға артқан. Ақмола облысында 270 апаттық тұрғын үй тіркелген, Батыс Қазақстан облысында — 262 үй, оның ішінде бір жылда тозығы жеткен үйлер саны 55-ке көбейген, өңірде апатты үйлер саны жылдан өсіп жатқаны байқалады. Астана қаласында 191 үй апатты деп танылса, Абай облысында да 191 апатты үй тіркелген. Тозығы жеткен үйлер саны ең аз өңірлер қатарында Жамбыл (4), Қостанай (8) және Алматы (16) облыстарын атауға болады.

Маманның айтуынша, қауіпті үйлерді айқындау мәселесі Қазақстан Республикасының заңнамалары, Құрылыс кодексі және басқа да тұрғын үй құрылыс нормалары арқылы реттеледі және әр өңірде апатты деп танылған үйлер мәселесін шешуге арналған реновация бағдарламасы бойынша жол карталары бар.

— Үйлерді апатты деп тану үшін құрылыстық нормалар бар. Оларды аккредиттен өткен ұйымдар жүргізеді және әкімдіктер,

Апаттық жағдайдағы тұрғын үйлер санының өсуінің басты екі себебі бар. Біріншіден, тозығы жеткен үйлер санының артуы тұрғын үй қорының жағдайының нашарлауын көрсетсе, екіншіден, тексеру жұмыстарының жандануы және уәкілетті органдардың тарапынан үйлерді ресми түрде апатты деп тану мүмкіндіктерінің артқанымен тікелей байланысты.

терлерге меншік иелерінің өздері жауапты болады. Соған сәйкес, өңірлердегі реновация бағдарламалары негізінде жол карталары бекітіліп, тұрғындардың қауіпсіздігі ескеріле отырып, апаттың алдын алу жұмыстары жүргізіледі. Мәселен, «Алматы қаласының 2030 жылға дейінгі тұрғын үй реновациясы бағдарламасы» аясында ескі үйлерді жаппай сүру жұмыстары басталды. 2026 жылдың соңына дейін барлығы 1 165 адамды жаңа пәтермен қамтамасыз ету жоспарланған. Әкімдіктің мәліметінше, жаңа пәтерлер дайын жөндеумен өткізіледі. Онда интернет, өртке қарсы жүйелер, сантехника және ас үй жабдықтары толық орнатылған. Бағдарлама аясында жыл басынан бері 204 меншік иесі жаңа қонысқа көшіп үлгерген. Қазір жаңа үйге қоныстанған тұрғындар саны бойынша Түркістан ауданы бірінші орында. Яғни, 126 адам жаңа үйге көшкен. Әуезов ауданы бойынша 53 адам, Бостандық ауданында 13 адам, Алатау ауданында 6 адам жаңа пәтерге қоныстанған. Бұл тізімде Медеу, Жетісу және

жетіспеушілігіне байланысты қиындықтарға тап болатынын айтады мамандар. Сондай-ақ тұрғындар мен жергілікті атқарушы органдардың немесе инвестор компаниялардың арасындағы келіспеушілік салдарынан жоспарлы бағдарламалардың кешеуілдеуі сияқты мәселелер де туындап жатады. Мәселен, қазіргі қолданыстағы тұрғын үй құрылыс нормаларына сәйкес тұрғын үй апатты деп танылған соң реновацияға бір адам қарсы болса, процесс тоқтатылады. Салдарынан көпқабатты тұрғын үй кіреберісінің опырылып құлауы секілді төтенше жағдайлардың орын алатын кездері болады.

Нақты мысал келтіретін болсақ, биыл ақпан айында Балқаш қаласы Қараменді көшесіндегі үйдің бір жақ бөлігі опырылып құлаған. Ресми деректе бұл көпқабатты үй 1950 жылы салынғаны көрсетілген. Әкімдіктің мәліметінше, аталған үй 2025 жылы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізілген техникалық қорытынды мен құрылыс сараптамасының негізінде апатты деп танылған. Бірақ осы баспананың тұрғындары былтыр басқа жерге көшуден бас тартып, біраз ушаған екен. Өйткені әкімдіктің қошуға ұсынған жері ұнамаған. Қазақстан құрылысшылар қауымдастығының басшысы Виктор Микрюков заңнамадағы «тұрғын үй апатты деп танылған соң реновацияға бір адам қарсы болса, процесс тоқтатылады» деген норманы қайта қарау керектігін ескертті.

— Белгілі бір тұрғын үйге құрылыс компаниясының өкілдері келіп барлық пәтерді сатып алуға немесе мүлік иелеріне басқа жерден жаңа баспана ұсынуға дайын екенін айтады. Бұл ұсынысты 100 тұрғынның 99-ы қабылдап, біреуі қарсы болса, реновация жұмысы сол жерде тұралап қалады. Көп жағдайда қарсы болғандар үйінің құнын нарықтық бағасынан бірнеше есе жоғарылатады. Мұны мемлекеттік деңгейде реттейтін арнайы жүйе керек, — дейді ол.

21 СӘУІР 2026 | СЕЙСЕНБІ



Елорда жұрты мен оған іргелес елді мекен тұрғындары газ инфрақұрылымының жаңарып-жаңғырып келе жатқанына ерекше қуанышты. Жақында қаланың 8 бірдей елді мекенінде газ құбыры жүргізіліп, жылыту маусымы штаттық режимде ойдағыдай өтті. Қаладағы жылу-электр стансалары да газ қуатымен жылытуға көшіп, аймақтың экологиялық жағдайы тұрақтанып келеді. Біз QAZAQGAS АЙМАҚ АҚ пресс-туры аясында сала жұмысымен етене танысып қайттық.

А Айсұлу СЪЕЗХАН

Алдымен қала іргесіндегі «Тельман» тұрғын алабына жеттік. Газ саласы мамандарының экологиялық қауіпсіз қаланы қалыптастыру жолында іске асырған маңызды жобасының бірі — «Тельман» тұрғын алабына көгілдір отынның жетуі. Былтыр қазан айында аталмыш аймақта газ құбырының құрылысы толықтай аяқталған еді. Жоба Астана қаласының Энергетика басқармасының қолдауы мен QazaqGaz Аймақ АҚ Астана өндірістік филиалының инвестициялық бағдарламасы аясында іске асты. Мәселен, Энергетика басқармасы тұрғын алабына дейінгі 6,8 шақырым газ құбырының құрылысын жүргізсе, QazaqGaz Аймақ тұрғын алаптағы 15 шақырымға жуық газ құбырын салуға атсалысқан. Жаңа тұрғын алабына көгілдір отын қосылғалы қаланың ауа сапасы да жақсарған. Қазір қаланың сақиналы айналмалы жолынан бастап Шерхан Мұртаза атындағы көше мен Ұлы дала даңғылының қиылысына дейінгі аралық газ реттегіш қондырғыларға қосылған. Тұрғын алабында 309 үй бар болса, оның 158-і сәуір айына дейін газға қосылып үлгерген. QazaqGaz Аймақ Астана өндірістік филиалының директоры Ержан Болатбекұлы мұның жақсы көрсеткіш екенін жасырмады.

— Тұрғындар әдетте қыс қамын жазда ойлайды, халық қыс уақытында газға қосылмауы мүмкін. Тәжірибемізге сүйенсек, елді мекенге газ алғаш келгенде тұрғындардың тек 20-30 пайызы ғана белсенділік танытады. Астана халқы жылдам әрекет етті, газға қосылу қарқынды жүріп жатыр, соның нәтижесінде жұрт та газдың қызығын көре бастады. Жұмыстарымыз тоқта-

майды, келесі қысқа дейін 100 пайыз межеге жетеміз деп ойлаймын. «Тельман» тұрғын алабында газ қысымын реттегіш қондырғының екеуі бар, бір қондырғы 300 үйге газ қысымын дайындап беруге қауқарлы, — дейді филиал басшысы.

ДРОНДАР ҚАУІПСІЗДІКТІ КҮШЕЙТТІ

Ержан Болатбекұлының айтуынша, газ реттегіш қондырғылардың заманауи талаптарға сай артықшылығы мол. Мәселен, «Тельман» тұрғын алабындағы екі шкафтық газ реттегіш пункт апаттық жағдайда бір-бірін алмастыра алады, екі жақтан да газ қысымын беруге дайын. QazaqGaz Аймақ мамандары газ құбырларын күтіп ұстау және қауіпсіздік мәселесіне де жіті көңіл бөліп отыр. Шафтық газ реттегіш пункттің біріне барғанымызда арнайы апаттық құтқару қызметінің көлігін байқадық, арнайы мамандар қондырғылардың жұмысын күні-түні қадағалап отырады. Ал заманауи құралдар мамандардың ісін әлдеқайда жеңіл етіп, жұмыс сапасын арттырған. Ерекше құралдың бірі — ұшқышсыз ұшу аппараты.

— BL-SN4 пилотсыз ұшу аппараты — газдың ауаға тарауын қашықтан анықтауға арналған әуе жүйесі. Аппарат қарапайым дрондар секілді ұшу, суретке түсіру т.б. жұмысты орындай алады, бізді қызықтырғаны — сарғыш лазер детекторы. Лазер детектор қондырғыдан 150 м қашықтықта газ қысымының жоғалуы байқалса, табиғи газ ауаға таралатын болса, бірден анықтайды. Құрылыс шектеулі кіру учаскелерін қоса алғанда, жерасты және жерүсті газ құбырларындағы газ ағып кетугін жедел анықтауға мүмкіндік береді.

ГАЗДАНДЫРУ ІСІНЕ СЕНІМ АРТТЫ

тексеру уақытын азайтады. Визуал тұрғыдан адам көзі микрожарықшақтарды көруге бейімделмеген, бірақ осы құрылысның көмегімен ақауды дер кезінде реттеп, апаттың алдын алуға болады, — дейді Ержан Болатбекұлы.

Астана мен Ақмола облысының қысы қатал әрі ұзақ өтеді, қыстың шамамен 7 ай болатын ескерсек, ұшқышсыз ұшу аппараты, расында да, талай шаруаны жеңілдетті. Әсіресе, құрылыс көктемгі су тасқыны кезінде, мамандар көлікпен немесе жаяу жете алмаған жағдайда дрондарды пайдалана алатын мүмкіндік туды. Одан бөлек, күнделікті тексеруші көліктер де жан-жақты жабдықталып, бабында тұр. Қауіпсіздік ережесін сақтау, қондырғыларды ұдайы бақылау-баптау нәтижесінде қала мен оған іргелес елді мекендерде жылыту маусымы ақаусыз, сәтті өтті.

— Былтыр алғашқы жылыту маусымын штаттық режимде өткіздік. Апаттық жағдайлар қарамағамызға жатпайтын жеке-ленген үй-жайларда ғана болды. Алғашқы

чурино», «Күйгенжар», «Теміржол», «Өнеркәсіп», «Оңтүстік-Шығыс», Потанин көшесі маңы, «Үркер» (ішінара), Family Village, «Тельман», «Кіріпшіті» және «Шұбар» тұрғын алаптары табиғи газға қосылып үлгерді. QazaqGaz Аймақ былтыр 8 бірдей елді мекенге газ құбырын толықтай жеткізді, бұл — кейінгі бес жылдықтағы ірі жетістіктің бірі, ауыл-аймақ халқы үшін зор қуаныш.

Біз бұдан ары қарай Астана манайында орналасқан Қараөткел ауылындағы жағдаймен де таныс болдық. Ауыл халқы 2026 жылдың желтоқсан айында газға қол жеткізуге тиіс еді, қуанышымызға орай, жүйелі жұмыстардың арқасында құбыр құрылысы мерзімінен бір жыл ерте аяқталды. Тұрғындар ауылға көгілдір отынның ерте жеткеніне дән риза.

— Петропавл қаласынан 8 жыл бұрын көшіп келгенбіз, осы ауылдан үй салдық. Қараөткелге газ келеді дегенде қуанышым қойныма сыймады. Газды ерте қосады деп ойламадық, әлі бір жыл бар екен деп, алдын ала көмір алып қойғанбыз. Қазір бұл

Биыл Қараөткелден бөлек, Нұрлы, Шұбар, Аққайың, Талапкер, Қоянды сынды ауылдар мен тұрғын алаптарында да ірі жобалар іске асты. Бұл тұрғындардың экологиялық таза отын түріне көшуіне мүмкіндік беріп, баламалы жылу көзіне түсетін жүктемені азайтты. Қазір Қосшы қаласында да газдандыру кезең-кезеңімен жүріп жатыр. Уақытша бірінші іске қосу кешені пайдалануға беріліп, 7 800 абонент табиғи газға қол жеткізіп үлгерді. Осы жүйені одан әрі кеңейту, дамыту ісі жоспарда тұр, егер жоба тұрақты жалғасса, 10 мыңнан астам тұтынушыны газбен қамтуға болады. Сонымен қатар компанияның биылғы жоспарына сәйкес, «Өндіріс», «Қазгородок» тұрғын алаптары, Garden Village қалашығы, Қызылсуат, Қаражар, Тайтөбе ауылдарына да газ құбыры тартылады. Қазір қаланы газдандыру жұмысы 80 пайызға жетті.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТҰРҒЫДАН ТИІМДІ ШЕШІМ

Бұл сапарымызда қалада станадан бой көтерген «Тұран» газ жылу стансасына да бас сұқтық. Нысан қаланың сол жағалауында дамып келе жатқан Нұра ауданын жылумен қамтамасыз етіп отыр. Станса 10 су қыздыру қазандығымен жабдықталған, газ тұтыну көлемі сағатына 80 мың текше метрге дейін жетеді.

— Станса 2023 жылдың соңында салынды. Қазір 6 қазандық жұмыс істеп тұр, тағы төртеуі жақында іске қосылады. Жалпы, жылу қуаты сағатына 600 гигакалорияға жетеді. Бұл станса Нұра және Есіл ауданының бір бөлігін жылумен қамтамасыз етеді, — делді станса басшысы Талғат Чубаев.

Бастысы, станса қаланың перспективалық аудандарын көмірсіз, басқа да зиянды қалдықсыз жылумен қамтып, толығымен табиғи газбен жұмыс істеп тұр. Бұл — экологиялық тұрғыдан ең тиімді шешім. QazaqGaz Аймақ мәліметінше, қазір Астана өндірістік филиалының теңгерімінде жалпы ұзындығы 2 278 шақырым газ тарату желісі бар. Оның 807 шақырымы — елорда аумағында, ал 1 471 шақырымы — Ақмола облысында орналасқан. 54 газ реттеу пункті, 263 шкафтық газ реттеу пункті және 1 160 жеке шкафтық пункт жұмыс істеп тұр. 2025 жылғы дерекке сүйенсек, 13 мың тұрғын көгілдір отынға қосылса, биыл жүйеге қосылған абонент саны 21 844-ке жетіп отыр. Елорда жұртының көңілі тыныш, себебі экологиялық жүктеме айтарлықтай төмендеді, ауыл халқының да газдандыру жұмысына сенімі артып келеді. Алда газдандыру жұмысы сәтті жалғаса бермек.



қыс болғандықтан, кейде пеш өшіп қалады, кейде температурасын дұрыс қоймайды, тағы басқа сұрақтармен хабарласқан тұрғындар болды. Жеке-жеке кенес беріп, келісімшарт бойынша газ құбырларын дөңкерлеу және қызмет көрсету компаниясын шақырту, ары қарай түсіндіру жұмыстарын өткізуге нұсқау береміз, — дейді Е.Болатбекұлы.

ГАЗ КЕЛІП, ЖАЗ КЕЛДІ

Былтыр «Шұбар» тұрғын алабының тұрғындарына да көгілдір отын жетті. Алап 890 үйді қамтыса, сәуір айына дейін тұрғындардың 50 пайызы табиғи газға қосылып үлгерген. 2020 жылдан бастап Астана қаласы мен оған іргелес елді мекендерде газ құбырын жүргізу жұмысы кезең-кезеңімен іске асып жатыр. Бүгінде Астанада «Көктал-1», «Көктал-2», «Агрогородок», «Интернациональный», «Ми-

көмірді не істерімді білмей отырмын, — дейді ауыл тұрғыны Айдос Қайырұлы.

Тұрғындар енді көмір тасып, қысты арпалыспен өткізбейтініне қуанады. Бір сөзбен айтқанда, ауылға газ келіп, халық көңіліне жаз орнағандай.

— Қыс кезінде көмірге қаражат мол кетеді. Көмірді аламыз, оны тасып кіргіземіз, күлін шығарамыз, үйдің ішін шан басады. Бәрі — қаншама машақаты мол жұмыс, қанша уақытыңды алады. Қазір газ қолжетімді, тамақты да газға пісіре аламыз. Үйдің іші жылы, немерелерім жерде емін-еркін ойнап жүр, — дейді А.Қайырұлы.

Оның есептеуінше, қыстан аман шығу үшін бір үйге кемінде 10 тонна көмір қажет, оған кемі 250 мың теңге қаржы кетеді. Бүгінде тұрғындар QazaqGaz Аймақ қосымшасы арқылы бөлме температурасын да оңай бақылап отырамыз дейді.

ЕГІНЖАЙДАҒЫ ЕҢБЕКТИҢ ЕЛЕУЛІ ТҰСЫ

Сыр диқандары көктемгі егіс науқанына қызу дайындықты бастап кетті. Биыл егістіктегі екпінді еңбек тың жаңалықтарға толы. Оның ішінде күріш көлемін азайтып, орнына жүгері алқабын кеңейту бастамасы қолға алынды. Су тапшылығын еңсерудің түрлі тетігі де қарастырылып жатыр.

А Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ, Қызылорда облысы

Жалпы, биыл даңғайыр диқандардың берекелі тірлігіне кесе-көлденеу тұрған қиындықтар аз емес. Ең бастысы, күріш алқабын суару үшін бұл науқанға Сырдариядан 3,2 млрд текше метр ғана су лимиті бөлініп отыр. Сондықтан күрішшілер суды үнемдеудің сан түрлі тәсілдерін іздеумен бас ауыртып әлек.

Биылғы науқанда облыста 185,8 мың гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдарын егу жоспарланған. Бұл тұрғыда Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, күріш алқаптарын 10,9 мың гектарға қысқартып, 70 мың гектар денгейінде сақтау көзделген. Бұл көрсеткіш бірінші кезекте су ресурстарының шектеулі жағдайына қарай достурлі егіншілік тәсілдерін қайта қарау негізінде туындап отыр. Яғни, егіс көлемін оңтайландыру ісі тек агротехникалық емес, сондай-ақ су қауіпсіздігі мәселесіне тікелей байланысты қабылданған батыл қадам ретінде түсіндіріледі.

«Бұл ретте егісті әртараптандыру саясаты ерекше маңызға ие. Осы мақсатта биылғы егістік науқаны елді елден егіндер тың бастамаларға толы. Оның ішінде күріштің орнына жүгері сияқты суды аз қажет ететін дақылдарды енгізу — су ресурстарын үнемдеумен қатар, ауыл шаруашылығының экономикалық тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Бұл тұрғыда жүгерінің су тұтыну көлемі күріштен шамамен 5 есе төмен болуы — аймақ үшін үлкен артықшылық. Бұл тек шығынды

азайтып қана қоймай, климаттық тәуекелдерге бейімделудің нақты тетігіне айналатынына сенім зор», — дейді облыстық Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының егіншілік және өсімдік қорғау бөлімінің басшысы Асылжан Жарылқасынов.

Негізінен, су үнемдеу технологияларының енгізуі — аграрлық сектордағы құрылымдық реформалардың өзегі саналады. Сондықтан бүгінде су ресурстары тапшылығы салдарынан әлем елдері су үнемдеу технологиялары мен тәсілдеріне басымдық беріп отыр. Оның ішінде тамшылатып және жанбырлатып суару әдісі жоғары маңызға ие.

Бұған қоса, заманауи цифрлық технологияларды игеруде де су үнемдеудің тиімді тетіктері қалыптасып келеді. Яғни, Нидерландта датчиктер арқылы топырақ ылғалдылығын анықтап, ауа температурасын және өсімдік жағдайын бақылау тәсілі жоғары деңгейде дамыған. Осы Smart суару жүйесінің көмегімен су егістікке қажетті уақытта беріліп, сол арқылы су шығынын азайтып қана қоймай, өнімділік деңгейін арттыруға мүмкіндік алып келеді. Ал Сингапур сынды бірқатар елде қайта өңдеуден өткен ағын суларды егістікке қайтадан пайдалану тәсілі тіршілік нәрінін тапшылығын еңсеруге көп көмек болып тұрғаны айтылады.

Ал біздің елімізде, оның ішінде ырысты, күрішті Сыр өңірінде де соңғы жылдары су үнемдеуге бағытталған баянда бастамаларға бетбұрыс бар. Яғни, тамшы судың өзін тиімді пайдалануға талап күшейді.

Өңірдегі басты дақыл — күріштің суға тәуелді өнім екені көпке мәлім. Сондықтан

су үнемдеу тәсілдері Сыр диқандарының басты мәселесіне айналып тұр. Аз судан мол өнім алудың сан түрлі әдістерін қолдануға жайлап көшіп жатыр. Содан нақты нәтижеге жетуді көздейтіні де белгілі.

«Өткен 2025 жылы өңірде 8,1 мың гектарға енгізілген заманауи суару әдістері, оның ішінде тамшылатып, жанбырлатып және пленкалы тәсілдер бұл бағыттағы алғашқы нәтижелерді көрсетті. Бұл жалпы егіс көлемімен салыстырғанда әлі де төмен көрсеткіш болғанымен, тиімді тұстары байқалды. Соған орай, 2026 жылы бұл көлемді 16,7 мың гектарға дейін ұлғайту жоспары қарастырылып отыр. Осы арқылы бірінші кезекте өнім сапасына басымдық беру жоспары бар. Сонымен қатар өңір шаруашылықтарына мемлекеттік қолдау шаралары көлемінің артқанын да айрықша атап өтуге болады. Бұл тұрғыда алдағы 3 жылға 34 млрд теңгенден астам қаржы бөлу бекітілді. Оның ішінде 2026 жылға 10 млрд теңгеге жуық қаражат қарастырылып отыр. Бұл су үнемдеу технологияларын енгізуге негіз қалыптастырады деген сенім зор. Бұл жерде ең бастысы — қаржының игерілуі тиімділігі мен нақты нәтижеге бағытталуы маңызды. Бұған қоса, егісті лазерлік тегістеу жұмыстары су үнемдеудің тиімді құралдарының бірі ретінде бағаланады. Бұл тұрғыда 2025 жылы 60 мың гектар жер лазерлік тегістеуден өткізілсе, 2026 жылы бұл көрсеткішті 65 мың гектарға жеткізу жоспары бар. Бұл суды біркелкі бөлу арқылы шығынды азайтудың нақты жолы ретінде қарастырылып отыр. Осылайша, 2028 жылға дейін бұл жұмысты толық аяқтап, ұзақмерзімді тұрақтылыққа бағытталған бастаманы жүзеге асыру көзделуде», — деп ойын сабақтады бөлім басшысы.

Басқарманың мәліметіне сәйкес, Сыр еліне су үнемдеу бағытында бірқатар ірі инновациялық жобаларды жүзеге асыруға да иек артып отыр. Оның ішінде Венгриялық Water Retainer препараты арқылы



топырақтағы ылғалды сақтау тәжірибесі жүзеге асырылмақ. Бұл игі бастама тәжірибе жүзінде өңірдегі Б.Жақаев атындағы Қазак күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты базасында жүргізілмек. Егер бұл жоба оң нәтиже берсе, өңірдегі су тапшылығы мәселесін еңсерудің басты шешімі болады деген сенім зор.

Бүгінде аймақтағы шаруашылықтар су тапшылығын еңсерудің сан түрлі тәсілін тәжірибеден өткізіп жатыр. Қазірдің өзінде су қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған тың әдістердің шапағатын сезінгендер қатары аз емес.

«Жалпы, Шиелі ауданы Жансейіт ауылының халқы су үнемдеу тәсілдеріне иек артып келеді. Тұрғылықты халық күн жылынып, жер қарайғаннан көкөніс егуге кіріседі. Кейінгі кезде халық көкөніс егістігіне тамшылатып суару әдісін 100 пайыз қолданысқа енгізді. Ал өзіміздің иелігіміздегі «Максат» шаруа қожалығы 2004 жылдан бері жұмыс істеп келеді. Қожалықтың негізгі күріш егістігіне 2 жылдан бері лазерлік тегістеу әдісін қолданамыз. Бұл жүйе су үнемдеудің таптырмас тәсілі болды. Яғни, лагерлік тегістелген алқапта аз суды ұстауға мүмкіндік артады. Биылғы меже де жоғары. Сол мақсатта арнайы техникалардың көмегімен жерді тегістеп, арықтарды тазалау жұмыстарын талапқа

сай жүргізіп жатырмыз. Шаруашылықта 20 шақты адам еңбек етеді», — дейді қожалық төрағасы Максат Төшімов.

Жалпы, Сыр өңіріндегі аграрлық саясаттың негізгі бағыты экологиялық тұрақтылық пен су қауіпсіздігін қамтамасыз етуге негізделген. Осы ретте мамандар тарапынан суды үнемдеудің өңірге қолайлы тиімді тәсілдері айтылып жүр. Соның ішінде күріш суару технологиясын өзгерту тәсілі айтылады. Яғни, әлемде қолданылатын AWD әдісі бойынша суды белгілі бір кезеңде азайтып, кейін егістік алқапқа қайта беру тәсілінің тиімділігі ұсынылады. Бұл өңірдегі су шығынын 20-30 пайызға азайтып, топырақтың тұздандыру төмендетіп, өнім сапасын сақтауға ықпалы зор деген пікір бар.

Қалай дегенде де суармалы егіншілікке тәуелді Қызылорда облысы үшін су тапшылығы шешімін күткен өзекті мәселеге айналып тұр. Әсіресе, күріш өсірумен айналысатын шаруашылықтар аз суды тиімді пайдаланып, өнім сапасын арттыру міндетін жүктеліп отыр. Соған орай су үнемдеуге бағытталған тиімді тәсілдер тұрақты түрде қолданысқа енгізілсе, тіршілік нәрінің тапшылығы айтарлықтай азайып, экологиялық жағдай жақсарып, егін өнімділігінің тұрақтылығына жол ашары сөзсіз.

ӨЛДІ ДЕУГЕ СЫЯ МА, ОЙЛАҢДАРШЫ...

21 СӘУІР 2026 | СЕЙСЕНБІ

ШАХАНОВ
ШҰҒЫЛАСЫ

Кейде қазақ «бес күндік» атаған өмірден уақыт та, дәуірлер де көшпейтін тәрізді. Ықылымнан бәрі-бәрі қаз-қалпында, өзгермеген, тек адамдар өзінің бастауына көшіп жатыр. Дүниеден байыз таппаған санаулы Ұлының тағы бірі мәңгілікке кетті. 20 сәуірге қараған түні қазақ руханияты орны толмас ауыр қазаға ұшырады. Қазақстанның Еңбек Ері, Халық жазушысы, әйгілі ақын әрі қоғам қайраткері Мұхтар Шаханов 84 жасқа қараған шағында өмірден өтті.

Шахановты қазақ үшін биік ететін қасиеті көп болғаны жасырын емес. Қажет жерінде суреттеуге тілін жетпес сезімдерді сөйлетті, қажыған әрбір жанды поэзия арқылы демеуді білді, ұлттың парасаттылығын ту етті, ал басқа кезде Махамбеттің батырлығын бір бойына жиғандай қаймықпай жұртының мұнын һәм талап-арызын ашық ұран қылды. Халқы Мұхтарды сол үшін сүйді, қашан көрсе де әулие тұтты. Бір басына шығармашылық пен қайраткерлік қоса дарыған, ол қонғаны кері кетпестей орныққан адам атаулы санаулы, сірә, жер бетінде...

Жалпы, Шаханов поэзиясының елеулетін дүйім жұрт жақсы біледі, терең ұғынады. Қазақ әдебиетіне қалдырған мұрасын тізіп шығуға шамамыз да келмес, бәлкім. Ал оның саяси қайраткерлігіндегі кезеңдерді айтпай кету мүмкін емес. «Ақын болу — өз еркін, Азамат болу — міндетін» деген қағиданы берік ұстанған оның өмірінде үлгі етер дүние мол екені даусыз.

Екінші дүниежүзілік соғыстың оты өршіп тұрған уақыт, 1942 жылы елдің күнгей бетінің Ленгир ауданында өмір есігін ашты. Шымкент педагогикалық институтын аяқтап, кейін «Оңтүстік

Қазақстан», «Лениншіл жас» газетінде жұмыс істеп, «Жалын» журналының бас редакторы болды. Әуелгі жыр жинағы 24 жасында басылып, «Өркениеттің аласуы», «Жазгер жалы космоформуласы» (Шыңғыс ханның пенделік құпиясы) атты романдары ЮНЕСКО шеңберінде қаралды. Шығармалары дүниежүзінің 50-ден астам тіліне аударылған.

Тұлғаның ең бір жарқыраған шағы 1980-1990 жылдары еді. КСРО халық депутатығынан бастап, КСРО Жоғарғы Кеңесінің мүшесі, Қазақстанның Халық депутаты болды. Кейін тағы 2004-2007 жылдары Мәжіліс депутаты атанды. Ал 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының ақиқатын айтуы — ерліктің шыны. 1989 жылы 6 маусымда өткен Мәскеудегі депутаттар съезінде «Алматыдағы Желтоқсан оқиғасының шынайы себебін анықтау» туралы мәселе көтерді. Осыдан кейін 1986 жылғы 17-18 желтоқсандағы Алматы оқиғаларын зерттеу жөніндегі комиссия құрылып, Мұхтар Шаханов төрағаларының бірі болды. Бұл іс кейін көп шындықтың ашылуына ықпал етті. 1990 жылдың қантарында Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен «1986

жылғы 17-18 желтоқсандағы Алматы оқиғаларына байланысты жағдайларға түпкілікті баға беру жөніндегі комиссия» құрылды. Сотталған «желтоқсандықтардың» ісі қайта қаралып, 322 адам қылмыс құрамының болмауына байланысты ақталып, босатылды. Желтоқсан оқиғасы содан бері ел тәуелсіздігінің іргетасы секілді көрінетіні бекер емес.

Әлі де өзектілігін жоғалтпай тұрған Аралдың мәселесін де мінберден алғашқылардың бірі болып қозғаған Шаханов еді. 1987 жылы ақынның түрткі болуымен Балқаш, Арал және Қазақстан экологиясы мәселелері бойынша арнайы комитет құрылды. 1989 жылы Шахановтың «Арал және біздің адамгершілігіміз» атты мақаласы жарық көрді. Ғалымдардың зерттеулерін алға тарта отырып, тартылған теңізден көтерілген тұз бен шанның экологияға зияны туралы мәселені жұртқа жеткізді.

Қазір түркі әлемі тойлайтын Наурыз мейрамына өткен ғасырда тыйым болып, 62 жыл бойы атап өтілмеді. Тек 1980-жылдардың соңына қарай мейрамды қайта оралту жөнінде айтыла бастағанда Мұхтар Шаханов осы істің басы-қасында жүрді. Ұсыныс Қазақстан компартиясы Орталық комитетінің бюросында қаралып, көп ұзамай Орталық комитетінің идеологиялық хатшысы Өзбекәлі Жәнібеков қолдау көрсетті. 1988 жылы Наурыз тұңғыш рет Алматының Максим Горький атындағы орталық саябағында тойланады. Келесі жылы Өзбекстан, Қырғызстан, Әзербайжан, Тәжікстан, Түрікменстан республикалары мен Ресейдің құрамындағы түркітілдес ұлттар мемлекеттік деңгейде тойлайды.



Шаханов қазақ тілімен бірге тыныстаған, кей тұсында күйінішін де жеткізген тұлға еді. 1989 жылы 22 қыркүйекте Қазақ КСР «Тілдер туралы» заңы қабылданды. КСРО халық депутаты ретінде Шаханов сол талқылауға қатысқан. Кейде қазақ тілінің мемлекеттік мәртебе алуына ақынның мол үлес қосқаны айтылады. Тіліне сүйіспеншілігі кейін де ісінен байқалды. 2004 жылы «Мемлекеттік тіл» қоғамдық қозғалысының төрағасы болды. Әрине, аз-маз тізгендеріміз Мұхтар Шахановтың толассыз еңбегін қамти

алмасы анық. Оның адамзатқа, ұлтына, халықтың құндылығына еткен жақсылығы дүние тұрғанша жасай беретіні даусыз.

AIQYN республикалық қоғамдық-саяси газетінің ұжымы Қазақстанның Еңбек Ері, Халық жазушысы, қоғам қайраткері Мұхтар Шахановтың дүниеден өтуіне байланысты отбасының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

AIQYN газетінің ұжымы

Сұлтан РАЕВ,
ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымының бас хатшысы:

ШЫНДЫҚТЫҢ
СИМВОЛЫ

Ұлттың тамырын, ұлттың асқақ рухын, жан-дүниесін қаны мен жанына сіңіріп, ешбір жүйені мойындамаған, ешбір шеңберге сыймаған, Ұлы даланың үнін әлемге асқақтата жеткізген сөз иесі, ой әлемі өзегін өртеп келген Ақын дүниеден өтті.

Бірақ бір ақиқат бар. Дүние төңкеріліп кетсе де, ғалам жанарып, дәуір көшсе де Ақын өлмейді! Ақын деген ұғымның өзегінде Мәңгілік өмір сүреді...

Мұхтар Шаханов білгенге де, түсінгенге де Ақиқаттың символы еді, Ұлы даланың қыраны, асқар таудың ұлары еді.

«Дәуір көшеді, дарынсыздар заманы келеді!», — деп Евгений Евтушенко

жазғандай, әрбір сөзі, тынысы, ойы, көзқарасы заманның құртамдарымен біте қайнасқан Мұхтар Шаханов жалған дүниені тәрк етіп, ақиқат әлемге бет бұрды...

Мұхтар ағамыз қазақтың рух-жаны еді, сөзінің соңғы нүктесіне дейін шындықпен өмір сүрді, шындықпен тыныстады, шындықтың қыл ұшына жетпей-ақ ұлылар әлеміне айналды...

Егер қырғызды шын сүйген, бар махаббатын арнаған адам болса, ол Мұхтар ағамыздай болар еді. Бүгін біздің де туымыз төмен түскендей мұңлы күй кешудеміз...

Жаныңыз жәннатта болсын, Мұхтар аға!

Қазыбек ИСА,
ақын, Парламент Мәжілісінің депутаты:

АЛЫПТАРДЫҢ СОҢҒЫ
ТҰЯҒЫ ӨМІРДЕН ОЗДЫ

Қазақтың ұлы ақыны, біртуар тұлғасы Мұхтар Шаханов дүниеден өтті...

Мұзбалал Мұхтанмен бірге дүбірлеген бір дәуір көшіп барды!..

Иә, өмір бойы шындық үшін күресіп, ақиқат үшін айқасып өткен ақиық ақын

бұл фәни дүниенің жалған екенін дәлелдеп, бақи дүниеге аттанып кетті... Алыптардың соңғы тұяғы өмірден өтіп барады...

Біз XX ғасырдың аңызға да, абызға да айналған алып ақынымыз бір дәуірде өмір сүру бақытына ие болып қалдық...

Ұлықбек ЕСДӘУЛЕТ,
ақын, ТҮРКСОЙ Жазушылар одағының төрағасы:

АҚЫНДЫҒЫ МЕН
ҚАЙРАТКЕРЛІГІ ТЕҢ ЕДІ

Ел үшін, жұрт үшін өмірін арнаған, алған бетінен қайтпайтын, темірқазық жұлдызындай жарқыраған арда ақын өмірден озды.

Ол шын мәніндегі халық ақыны еді. Қазағы қалып онтүстікте туып, халық арасынан қайнап шықты. Ақынды бұл жөнінен Сәбит Мұқанов, Әбілхан Қастеев сынды алыптармен салыстыруға болады. Мұхтар ағамыз болмыс-бітімімен, халық даналығымен ұштасқан отты жырларымен баурап, оқырман жүрегіне, сана-сезіміне сәулесін құяды.

1988 жылы ақпан айында «Лениншіл жас» газетіне «Наурызды тойлайық, ағаш отырғызайық!» деген үндеу жарияланды. Бұл — Наурызды тойлауды тыйып тастағаннан кейін арада алпыс жылдан астам уақыт өткенде Наурыз мерекесін тойлау туралы тұңғыш рет көтерілген бастама еді. Бастамашы — ақын Мұхтар Шаханов. Үндеуге бес адам қол қойды. Сол жылы қазақтың қайраткер тұлғасы Өзбекәлі Жәнібековтің қолдауымен тұңғыш рет Алматы қаласында Наурыз мейрамы тойланды. Әрі қарай тұтас қазақ елі Наурыз

мейрамын жыл сайын дүркіретіп тойлайтын игі дәстүр қайта жанданды.

Халық ісіне келгенде қапы қалып көрмеген ақынның көзіміз көрген, басымыздан өткерген үлкен бір жақсылығын айтқым келеді. 1990 жылы туған жерім Зайсан ауданында жер сілкінісі болып, бір ауданның халқы баспанасыз қалды. Осы орасан зор апаттың кезінде Мұхтар Шаханов пен Олжас Сүлейменов сынды ірі ақындардың ықпалымен бүкіл республика жұртшылығы Зайсанға көмек қолын созды. Мұхтар Шаханов қазақ пен қырғыздың достығына дәнекер бола білді. Оның Шыңғыс Айтматовпен достығы, қырғыз еліне елшілік қызметін атқаруы бауырлас қос халықтың әдебиеті мен мәдениетіне із қалдырды. Бір ғана «Құз басындағы аңшының зары» әдеби-мәдени өміріміздегі ерекше жаңалық болғаны шындық.

Ақындық арда болмысымен, күрескерлік қасиетімен халқымыздың көңіл төрінен орын алған тұлғаның нұры пейіште шалқысын! Құллі түркі жұртына көңіл айтамын!

Мереке ҚҰЛКЕНОВ,
Қазақстан Жазушылар одағының басқарма төрағасы:

ҚАЗАҚ РУХЫНЫҢ
АЙБАРЫ

Біздің жүрегіміз тұтас бір дәуір көшіп кеткендей құлазып, жабырқап тұр. Мұхтар Шаханов қазақ поэзиясына өзгеріс әкелген, поэзияда өзінің мектебін қалыптастырған ақын. Ал тұтас руханият жөнінен айтар болсақ, ол — қазақтың руханиятына көсем болған тұлға. Қазақ рухының өсіп-жетілуіне, қазақтың ұлт ретінде қалыптасуына зор үлес қосты.

Мұхтар Шаханов тұңғыш рет «Танагөз» деген поэмасымен танылды. Сол кездегі «Лениншіл жас» газеті ақынның поэмасын екі нөміріне толық жариялады. Содан бастап «қазақтың Шахановы» атанды. Отты жырлары халықтың жүрегіне жетіп жатты. Ақын жырларымен тұтас ұрпақ тәрбиеленді.

Ақын — қазақ тілінің, рухының айбары еді. Ол кісі ауырып қалған соң ана тіліміз туралы мәселе жеткілікті

деңгейде көтерілмей қалғандай сезіледі. Оның өз тілімізді дәріптеуі сонау 1986 жылы Мәскеуде жыр кешін өткізуден басталған. Кремльде тұңғыш рет 1936 жылы Жамбыл Жабаев жыр оқыған болса, екінші үлкен деңгейдегі поэзия кешін Мұхтар Шаханов өткізген. Ақын тоталитарлық режимге солай қарсылық жасаған еді. Сондай-ақ ақынның 1987 жылы Жоғарғы кеңестің депутаты кезінде үлкен трибунадан Желтоқсан көтерілісі туралы тұңғыш рет айтқан ерлігі ешқашан ұмытылмайды.

Менің түсінігімде, Мұхтар Шаханов — Махамбеттен кейінгі батыр-жырау. Мұндай батырлық кез келген қазақтың қолынан келген жоқ. Тек Шахановтың қолынан келді. Ақынның жатқан жері жарық, топырағы торқа болсын!

Бауыржан ҚАРАҒЫЗҰЛЫ, ақын:

ЖЫРЫ ХАЛЫҚ
ЖАДЫНДА ӨМІР СҮРЕДІ

Біз алдыңғы буын ағалардың өлеңін жаптап өстік. Өмірдегі түрлі кезеңде олардың жырлары бізге демеу болды, қажет жерінде қамшылады. Мұхтар секілді ағаларымызбен жүздесу, әңгімесін тыңдау, алдында өлең оқу арман-сәт болатын.

24-25 жасында «Жалын» журналына бір топ өлеңім жарияланды. Сол өлеңдерім көңіліне қонған болуы керек, бір күні Мұхтар Шаханов ағам өзі хабарласып, Парламенттегі кабинетіне шақырды. Бардым. Ағамыз өзіне тән кең пейілімен құшағын жая қарсы алып, аңқылдап

амандасты. Жай-күйімді сұрап, хал-ахуалымды түгел білгісі келді.

— Қайда жұмыс істейсің? — деді. Ол кезде жұмысым едім, енді үйленген кезім.

— Жұмысыңбын, аға, — дедім қысылып. Сәл үнсіз отырып, маған ойлана қаралды: — «Жалынға» шыққан өлеңдерімді оқыдым. «Қазақ» деген өлеңімді оқы, сол ұнайды маған, — деді. Мен бар қуатымды жинап, сол сәтте арқырап өлең оқыдым. Ақын үнсіз тыңдап отырды. Өлең біткен соң жүзі жалырап, ерекше риза болғанын

сездірді. Содан біраз уақыт Мұхтар ағаның қасында жүріп, қамқорлығын көрдім.

Шынында да, Мұхтар Шаханов — болмысы бөлек, кесек тұлға. «Ғашықтық ғаламат» секілді балладалары қандай терең, қандай көркем! «Отырардың күйреуі» тәрізді туындылары бір бөлек! Қаншама әнге сөз жазды, өзі де әуезді әндер туырды. Сол әндер бүгінде халықтың өз үніне айналды, елдің жадында өмір сүріп келеді.

Ең қымбаты — Мұхтар ағаның азаматтық болмысы. Ол кісі қай кезде де қазақтың мұңын мұңдап, жоғын жоқтады. «Қазақстандық ұлт» деген атауға қарсы тұрып, ұлттың өз атын, өз болмысын сақтап қалуға атсалысуының өзі — ерлікке пара-пар іс. Ұлтсыздандыруға, тексіздендіруге қарсы ол тек өлеңімен ғана емес, бар ғұмырымен күресті.

Бірегей тұлға, ірі ақынды халық ешқашан ұмытпайды. Артында қалған сөзі — елге аманат, рухы — ұрпаққа бағдар.

21 СӘУІР 2026 | СЕЙСЕНБІ



Суреттер де сөйлейді

Әлеуметтік мәселелерді суретпен сөйлетіп жүрген суретші-иллюстратор Аңсаған Мұстафаның жаңа туындылары Ұлттық музейде көрмеге қойылды. Қылқалам шеберінің кезекті картиналары заманауи қоғамдағы өзекті мәселелерді арқау етіп, қоғамды ойлануға жетелейді. Бұл жолғы көрме автор шығармашылығындағы 200-ші, мерейтойлық көрме ретінде ұйымдастырылып отыр. Ол суретшінің көпжылдық еңбегінің қорытындысын жасап, қазіргі өнердегі айрықша қолтаңбасын айқындай түседі.

Көрменің «Сөйле, сурет» аталуы тегін емес. Өйткені суретке карап-ақ қандай тақырыпты меңзеп тұрғанын аңғаруға болады: әлеуметтік желілер дәуіріндегі жалғыздық, смартфонға тәуелділік, жетім баланың мұны, несиеге батқан тағдырлар, жалқаулықтың ашы көрінісі сияқты басқа да күрделі тақырыптар картинаға жасырылған. «Сөйле, сурет» жобасы 2014 жылы Астанада бастау алып, кейін еліміздің бірқатар қаласында кенінен таныстырылды. Бүгінде суретшінің туындылары әлемнің 30-дан астам елінде көрсетіліп, халықаралық деңгейде бағасын алып отыр. Туындыларының басым бөлігі графикалық стильде бейнеленген. Аңсаған Мұстафа қылқаламға 15 жасынан ден қойып, сол уақыттан бері өзіндік қолтаңбасын қалыптастырды. Оның еңбектері әлеуметтік желілерде кенінен танылып, Қазақстанның түрлі қаласындағы көрмелерден бастап шетелдік галереяларға дейін жол тартты. — Әлеуметтік тақырыптағы алғашқы суретім «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілесін» деп аталады. Онда темекі тұқылы мен бос шөлмектердің қасында отырған бала бейнеленген. Мұндай жағдайда өскен баладан қандай болашақ күтуге болады?! Қазір ойласам, 15 жаста мұндай күрделі тақырыпқа қалай барғаным өзім де таңғаламын. Бірақ бала күнінен көрген орта, естіген әңгіме мені осы бағытқа жетелегені анық. Анам шығарған «Ақ босаға» газеті отбасылық мәселелерді ашық қозғайтын басылым болды. Тұрмыстық қиындыққа тап болған әйелдерге анам бағыт-бағдар көрсетіп отырды. Осындай ортаны көріп өскендіктен болар, менің суреттерім де қоғамдағы әлеуметтік түйткілдерді қозғауға бағытталып кетті, — дейді суретші.

Қара-ақ түсті палитра, ықшам штрихтар, артық детальды ада бейнелейді. Бұлар — сабыр мен ұстамдылықтың белгісіндей. Бірақ сәл кідірсеніз, осы қарапайымдылықтың астарында қуатты эмоция, тіпті ішкі жарылыс жатқанын сезесіз. Суретші саналы түрде көптіліктен бас тартып, көрермен назарын сыртқы әсемдікке емес, ой мен мазмұнға бағыттайды. Сондықтан оның әр жұмысы қысқа да нұсқа, бірақ жүрекке дөп тиетін әңгіме секілді. Олардың қатарында «Түсікке қарсылық», «Ана, темекі тартпа», «Күдай, неге мені теледидар қылып жаратпадың?», «Қарттар үйінде қазак көп», «Байқайық» сияқты тағы басқа айтары анық, проблемалы суреттері бар. Соның бірі жасөспірім жүктілігіне арналған туынды ерекше әсер қалдырады. Көзінде үрей қатқан қыздың «Анам мені өлтіреді» деген қорқынышты көрсететін үнсіз жанайқайы бейнеленген. Сол бір қорқыныштың өзінде әлі

өмірге келмеген сәбидің тағдыры да тұнып тұр. Ол да құрсақта «Анам мені өлтіреді» деген қорқынышпен жатыр.

— 2012 жылы «Анам мені өлтіретін шығар...» деген сурет жарық көрді. Сол туындыдан кейін екі анадан хат алдым. Олар: «Осы суретті көрген соң жаман ойымыздан айнып, өмірге сәби әкелдік» деп жазыпты. Аналардың бірі тіпті: «Сіз сәбидің кіндік шешесіз» деп баласының суреттерін жолдады. Сол сәтте жүрегім елжіреп, қуанғаннан еріксіз жылап жібердім, — деді А. Мұстафа.

Одан бөлек, суретшінің шығармашылығында цифрлық дәуірдегі жалғыздық тақырыбы айрықша көрініс табады. Әлеуметтік желілердегі сыртқы белсенділіктің ар жағында көбіне ішкі бос кеңістік жатқанын оның туындылары анық аңғартады. Аңсаған Мұстафаның әрбір туындысы жұртты елең еткізеді. Қоғамдағы түйткілді мәселелерді қозғайды. Соның жылдары суретшінің картиналары әлемдік көрмелерден жиі көрініп жүр. Бұл көрмеге 69 картина ұсынылған. Жалпы, суретшінің осындай бағыттағы 200-ге жуық туындысы бар. Көрмеге қойылған графикалық жұмыстары отбасылық құндылықтар мен адамаралық қатынастардан бастап жұмыссыздық пен ақшаға табыну секілді қоғамдағы өзекті мәселелерді батыл көтереді.

— Мен үшін әр көрменің мақсаты біреу — көрерменді ойландыру. Сурет арқылы адамның өз әрекетіне сынмен қарауына, қателігін аң-

ғаруына ықпал еткіміз келеді. Бүгінде, әсіресе несие тақырыбын жиі қағазға түсіремін. Себебі қоғамда қарызға тәуелділік күшейіп бара жатқандай көрінеді. Оның салмағы мен салдары оңай емес екенін жеткізуді жөн санаймын. Көрермен картинаға карап отырып, бір сәт болса да тоқтап, ой түйсе — мақсатымын орындағаны. Шетелдегі көрмелерде де осы ойдың актуалды екеніне көзім жетті. Көпшілік қазақша жазуды түсінбесе де, суреттің астарындағы идеяны бірден түсінеді. Мәселен, «Біз» атты туындының түпнұсқасы қазір Италиядағы Роберто Лалжентранын (Roberto Lacenta at ARTEBO gallery — Bologna (Italy) галереясында сақтаулы. Ол бұл картинаны ерекше бағалап, «Мұндағы адамдар — қазақтар емес, біз, итальяндармыз. Біз де әлеуметтік желіден шыға алмай қалдық» деп жиі айтады. Осындай әсерлі жайттардың бірі Бразилияда өткен көрмеде де болды. Бір әйел суретімнің жанында тұрып, балаларына қатты дауыстап бірден түсіндіріп жатты. Алғашында түсінбей қалдым. Кейін куратордан сұрасам, әлгі ана балаларына: «Қарандаршы, шетелдіктердің қиялы қандай! Қандай керемет дүниелер жасайды!» деп айтып жатыр екен. Біз үшін шетелдік өнер иелері биік көрінсе, олар үшін де біздің туындылар дәл сондай әсер қалдыратынына сол сәтте анық көз жеткіздім. Қазақта «тамшы тас төседі» деген сөз бар. Сол секілді бұл картиналардың да тамшыдай болса да қоғам санасына әсер етіп, ой салса деймін, — деді Аңсаған Мұстафа.

Көрмеде дабырасыз, бірақ шынайылығымен жанды түршіктіретін көріністер де аз емес. Смартфонға телмірген ата-анасына алақан жайған бала, бесік орнына әлеуметтік желі белгісін тербеткен ана, сымдар шырмауында тұншығып жатқан адам — мұның бәрі бүгінгі қоғамда өмір сүріп жатқан кей жандардың айнадағы көрінісі.

Көрменің өн бойында цифрлық тәуелділік тақырыбы анық сезіледі. Бұл — ақыл айту емес, бүгінгі өмірдің айнасы іспетті шынайы көрініс. Отбасындағы күрделі мәселелер де назардан тыс қалмаған. Бір туындыда ата-анасынан қорқып, бүрісіп отырған бала бейнеленсе, бұл — тұрмыстық зорлық-зомбылықтың ашық көрінісі. Ал тағы бір жұмыста жамандарынан алыстап, жалғыз қалған қарттардың үнсіз мұны көрініс табады. Бұл бейнелер әсіреленбеген, керісінше, күнделікті өмірдегі таныс шындығымен жаңға батады. Сонымен қатар уытты, өткір сатира да бар. Жалқаулық пен енжарлыққа бой алдырған кейіпкерлер «жаксы өмірді» күтіп, еш әрекетсіз тұрып қалғандай әсер қалдырады. Мұндай жұмыстар көрерменді бір сәтке селт еткізіп, ойлануға мәжбүрлейді.

Көпшілікке әлеуметтік желі арқылы қоғамдағы өзекті мәселелерді иллюстрациямен шебер



жеткізіп танылған Аңсаған Мұстафаның туындылары АҚШ-та, Италия, Корея және Франция елдерінде көрерменнің ықыласына бөленген. Тақырыптарының салмақтылығына қарамастан, туындылардан нәзік иронияның лебі аңғарылады. Жалпы, «Сөйле, сурет» жобасының атауы өз мәнін толық ақтап тұр. Өйткені көрмеден шыққан әрбір көрермен өзіне қарата айтылған бір үнді естігендей күйде қайтады. Келушілер Ұлттық музейдегі экспозицияны мамыр айының 19-ына дейін тамашалай алады.



«КІТАПХАНА ТҮНІ» АҚЦИЯСЫ ӨТТІ

Ұлттық кітап күніне орай ұйымдастырылған кітап апталығы аясында кеше ел кітапханаларында «Кітапхана түні» акциясы өтті.



Кітап апталығының бесінші күнінде кітапханаларда квест-ойындар, вернисаждар, зияткерлік сайыстар, шығармашылық кездесулер, поэзия кештері мен түрлі интерактивті бағдарлама ұсынылды. Атап айтқанда, Алматы қаласында «Айқас» зияткерлік ойыны ұйымдастырылды. Астанада «Кітапханадағы түнгі vibe» бағдарламасы өтті. Батыс Қазақстан облысында балалар мен жасөспірімдерге арналған бағдарлама ұсынылды. Жамбыл облысында «Түнгі кітап әлеміне саяхат» атты танымдық іс-шара ұйымдастырылған. Түркістан облысында ақын Асылзат Арыстанбек пен композитор Жанар Болатбекованың қатысуымен поэзия кеші көптің көңілін көтерді. Аталған бағдарлама кітапхана қызметін жандандырып, кітап оқуды насихаттауды заманауи үлгілерін қалыптастыруға бағытталған.

Сондай-ақ 18-19 сәуір күндері кітап апталығы аясында еліміздегі кітапханаларда Weekend. Book. Vibes атауымен түрлі мазмұндағы іс-шаралар ұйымдастырылды.

Демалыс күндері кітап оқуды насихаттауға, оқу мәдениетін қалыптастыруға және балалар мен жастардың әдебиетке қызығушылығын арттыруға баса мән берілді. Еліміздің барлық өңірінде ашық аспан астында кітап оқуға арналған алаңдар, шығармалар негізінде түсірілген фильмдердің көрсетілімдері, кітап клубтарының басқосулары және түрлі бағдарлама ұсынылды.

Атап айтқанда, Астанада BookCrossing кітап алмасу акциясы ұйымдастырылды. Түркістан облысында көпшілік «Көшпенділер» тарихи-көркем фильмі мен «Қобыланды батыр» диафильмін тамашалады. Абай облысында «Кітап оқу алаңдары» акциясы мен «Демалыс пен кітап — шабыт үндестігі» атты поэзия кеші өткізілді. Ақмола облысында «Мен әлемді кітап арқылы білемін» әдеби кеші мен «Quiz book: Білім бәйгесі» зияткерлік ойыны ұйымдастырылды. Жетісу облысында «Ақындар мұрасы» поэзия кеші өткізіліп, Қызылорда облысында «Кітап — сарқылмас қазына» оқу марафоны өтті. Жалпы, республика бойынша 500-ден астам іс-шара ұйымдастырылып, оған 50 мыңға жуық адам қатысты.

КӨРНЕКТІ ҒАЛЫММЕН ТАҒЫЛЫМДЫ КЕЗДЕСУ

Астанадағы №82 «Дарын» мамандандырылған мектеп-лицейінде көрнекті ғалым, профессор, тарих ғылымдарының докторы, филология ғылымдарының кандидаты, Көркем академия академигі, С.Сейфуллин атындағы музейдің директоры Марат Әбсеметовпен тағылымды кездесу өтті.



«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында және Ұлттық кітап күні қарсаңында «Балалар әдебиеті-рухани тәрбие бастауы» онкүндігі аясында өткен кездесу барысында оқушылар қонақтың өмір жолы, ғылыми еңбектері мен жетістіктері туралы тың мағлұматтар алды. Марат Оралбайұлы өзін білім мен ғылымға деген көзқарасын бөлісіп, жастарды ізденімпаздыққа, еңбекқорлыққа және отаншылдыққа шақырды. Оқушыларға рух, отаншылдық, ұлттық құндылықтар, тілге құрмет туралы әсерлі ойларын айтып, ел болашағы білімді де саналы ұрпақтың қолында екенін атап өтті.

Сұрақ-жауап бөлімі ерекше қызықты өтіп, оқушылар көкейдегі сұрақтарын қойып, тұшымды жауаптар алды. Кездесу жас ұрпақты ынталандырып, болашаққа деген сенімдерін арттырды. Осындай тағылымды терең кездесулер өскелең ұрпақтың рухани дамуына, білімге деген қызығушылығын арттыруға үлкен ықпал етеді.

Бетті дайындаған Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

AMANAT
MEDIA GROUP

AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтай Байыржанқызы –
Алматы қаласы
Сағхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назғұл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Банн ЖАНЗАҚ –
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4730

Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 Б
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,